

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

# ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Физика, математика және компьютерлік  
ғылымдар сериясы  
1997 жылдан бастап шығады



## ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Серия: Физика, математика  
и компьютерные науки  
Издается с 1997 года

---

ISSN 2959-068X

№ 3 (2022)  
Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Серия: Физика, математика и компьютерные науки  
выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на перучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания  
№ KZ91VPY00046988

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области физики, математики,  
механики и информатики

Подписной индекс – 76208

<https://doi.org/10.48081/IIDQ7052>

**Бас редакторы – главный редактор**

Тлеукепов С. К., *ф.-м.г.д., профессор*

Заместитель главного редактора    Испулов Н. А., *ф.-м.г.к., профессор*  
Ответственный секретарь         Жумабеков А. Ж., *магистр*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Esref Adali,	<i>PhD докторы, профессор (Турция);</i>
Qadir Abdul,	<i>PhD докторы, профессор (Пакистан);</i>
Домбаев К. М.,	<i>ф.-м.г.д., профессор;</i>
Демкин В. П.,	<i>ф.-м.г.д., профессор (Российская Федерация);</i>
Жумадиллаева А. К.,	<i>т.г.к., кауымд. профессор;</i>
Ибраев Н. Х.,	<i>ф.-м.г.д., профессор;</i>
Косов В. Н.,	<i>ф.-м.г.д., профессор;</i>
Сейтова С. М.,	<i>пед.г.д., профессор;</i>
Шоканов А. К.,	<i>ф.-м.г.к., профессор</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели  
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов  
При использовании материалов журнала ссылка  
на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

**МАЗМҰНЫ**

**«КОМПЬЮТЕРЛІК ҒЫЛЫМДАР» СЕКЦИЯСЫ**

<b>Алимова Ж. С., Алинова А. Д., Пшенбай Д. М.</b> Кәсіпорынның веб-сайтын жасау ерекшеліктері .....	9
<b>Жаппас Ә. М.</b> Биометриялық аутентификацияның заманауи әдістері: шолу және талдау .....	21
<b>Токжигитова Н. К., Омарова А. К.</b> Цифрлық білім беру ресурстарын ақпараттық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды талдау .....	30
<b>Фандюшин В. И., Пудич Н. Н., Улихина Ю. В.</b> Бір компьютерге көп операциялық жүйелерді орнатудың басқа әдісі .....	47

**«ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ФИЗИКА» СЕКЦИЯСЫ**

<b>Денисов В. И.</b> Сызықты емес вакуумдық электродинамикадағы тиімді кеңістік уақыты .....	64
<b>Жумабеков А. Ж.</b> Графен оксиді мен TiO <sub>2</sub> негізіндегі нанокөпозиттік материалдардың электрофизикалық қасиеттерін жақсарту .....	66

**«МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА» СЕКЦИЯСЫ**

<b>Вильданова Ф. Х., Кыдыралина Л. М., Умбетова А. О., Әсержанова Т. Е., Курмангалеев Р. Х.</b> Дифференциалдық теңдеулерді құру және шешу барысындағы электронды оқулықтың пайдасы .....	79
---	----

**«ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА ДИДАКТИКАСЫ»  
СЕКЦИЯСЫ**

<b>Смагова Е. С., Исабекова Б. Б.</b> Ағылшын тілін оқытуға арналған сайт әзірлеу .....	89
<b>Қуанбаева Б. У., Имашев Г., Шамбилова Г. Қ., Тумишева А. А., Махатова В. Е.</b> Физикадан интерактивті компьютерлік модельдер негізіндегі электрондық оқулықтың құрылымы .....	97

**Талипов С. Н.**

Авторлық бағдарламалау мысалдары Android studio үшін Java тілінде .....	110
Авторлар туралы ақпарат .....	123
Авторларға арналған ережелер .....	129
Жарияланым этикасы .....	141

**СОДЕРЖАНИЕ**

**СЕКЦИЯ «КОМПЬЮТЕРНЫЕ НАУКИ»**

<b>Алимова Ж. С., Алинова А. Д., Пшенбай Д. М.</b> Особенности создания веб-сайта предприятия .....	9
<b>Жаппас А. М.</b> Современные методы биометрической аутентификации: обзор и анализ .....	21
<b>Токжигитова Н. К., Омарова А. К.</b> Анализ требований к информационному обеспечению цифровых образовательных ресурсов .....	30
<b>Фандюшин В. И., Пудич Н. Н., Улихина Ю. В.</b> Ещё один способ установки нескольких операционных систем на один компьютер .....	41

**СЕКЦИЯ «ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ И ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНАЯ ФИЗИКА»**

<b>Денисов В. И.</b> Эффективное пространство-время в нелинейной электродинамике вакуума .....	49
<b>Жумабеков А. Ж.</b> Улучшение электрофизических свойств нанокompозитных материалов на основе оксида графена и TiO <sub>2</sub> .....	66

**СЕКЦИЯ «МАТЕМАТИКА И СТАТИСТИКА»**

<b>Вильданова Ф. Х., Кыдыралина Л. М., Умбетова А. О., Асержанова Т. Е., Курмангалиев Р. Х.</b> Преимущества электронного учебника при построении и решении дифференциальных уравнений .....	79
--	----

**СЕКЦИЯ «ДИДАКТИКА ФИЗИКИ, МАТЕМАТИКИ  
И ИНФОРМАТИКИ»**

<b>Смагова Е. С., Исабекова Б. Б.</b> Разработка сайта для обучения английскому языку .....	89
--	----

<b>Куанбаева Б. У., Имашев Г., Шамбилова Г. К., Тумышева А. А., Махатова В. Е.</b> Структура электронного учебника на основе интерактивных компьютерных моделей по физике .....97	
<b>Талипов С. Н.</b> Авторские учебные примеры программирования для Android studio на языке Java ..... 110	
Информация об авторах .....123	
Правила для авторов .....129	
Публикационная этика .....141	

## CONTENTS

### SECTION «COMPUTER SCIENCE»

<b>Alimova Zh., Alinova A., Pshenbaeva D.</b> Features of creating an enterprise website .....9	
<b>Zhappas A. M.</b> Modern biometric authentication methods: overview and analysis .....21	
<b>Tokzhigitova N. K., Omarova A. K.</b> Analysis of information requirements for digital educational resources .....30	
<b>Fandyushin V. I., Pudich N. N., Ulikhina Yu. V.</b> Another way to install multiple operating systems on a single computer .....41	

### SECTION «THEORETICAL AND EXPERIMENTAL PHYSICS»

<b>Denisov V. I.</b> Effective space-time in nonlinear vacuum electrodynamics .....49	
<b>Zhumabekov Zh.</b> Improving the electrophysical properties of nanocomposite materials based on graphene oxide and TiO <sub>2</sub> .....66	

### SECTION «MATHEMATICS AND STATISTICS»

<b>Vildanova F. H., Kydyralina L. M., Umbetova A. O., Aserzhanova T. E., Kurmangaliev R. H.</b> Advantages of an electronic textbook in the construction and solution of differential equations .....79	
---	--

### SECTION «DIDACTICS OF PHYSICS, MATHEMATICS AND COMPUTER SCIENCE»

<b>Smagova E. S., Isabekova B. B.</b> Development of a site for teaching English .....89	
<b>Kuanbaeva B. U., Imashev G., Shambilova G. K., Tumysheva A. A., Makhatova V. E.</b> The structure of an electronic textbook based on interactive computer models in physics .....97	

**Talipov S. N.**

Author's training examples of programming for Android studio in Java .....	110
Information about the authors.....	123
Rules for authors .....	129
Publication ethics.....	141

## СЕКЦИЯ «КОМПЬЮТЕРНЫЕ НАУКИ»

FTAMP 20.01.07

<https://doi.org/10.48081/YAQF7199>

**\*Ж. С. Алимова<sup>1</sup>, А. Д. Алинова<sup>2</sup>, Д. М. Пшенбай<sup>3</sup>**

<sup>1,2,3</sup>Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

### **КӘСІПОРЫННЫҢ ВЕБ-САЙТЫН ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Әлем цифрланған заманда, ақпаратты іздеу мен алмасудың негізгі көзі ретінде интернет желісі, оның ішінде, кәсіпорындар мен жеке тұлғалар, қолданушылар және т.б. үшін тиімді құралы веб-сайттар екені анық. Осыған орай, веб-сайттарды жасауға деген сұраныс бәсеңдер емес. Бұл жұмыста, осындай сұраныс бойынша жасалған веб-сайтты жасаудың мысалы қарастырылады.

Қазіргі кезде Баянауыл табиғатына бөленіп, «Жас дәурен» лагерінде демалыстарын қызықты өткізгісі келетін жасөспірімдер көбеюде. Осы уақытқа дейін «Жас дәурен» ООСО-на жолдама алу үшін қандай құжаттар қажет екенін, сондай-ақ байланыс нөмірлерін таба алмауына байланысты көптеген мәселелер туындап жатады. Осы мәселені шешудің бір тетігі ретінде «Жас дәурен» ООСО веб-сайтын жасау деп ұйғарған ұйым жетекшілігі, веб-сайт жасауды дипломдық жұмыс аясында орындауды сұрады.

Мақалада, «Жас дәурен» ООСО-ның сұранысы бойынша орындалған веб-сайтты жасау ерекшеліктері қамтылады. Яғни, жұмыста, «Жас дәурен» ООСО сайты әзірлеудің теориялық негіздері мен бағдарламалық құралдары қарастырылған, сайтты жобалау және әзірлеу кезеңдері жазылады. Сайтты жасауда Sublime Text 3, CSS, HTML, JavaScript қолданылды, және де PS компанияның домені мен хостингін сатып алу арқылы дүниежүзілік интернет желісіне жүктелінді.

Кілтті сөздер: веб-сайт жасау, сайттың интерфейсі, сайттың техникалық тапсырмасы, Sublime Text 3, «Жас дәурен» лагері.

### Кіріспе

Веб-сайттың техникалық тапсырмасы «Жас дәурен» ООСО-ның басшысының талабы бойынша әзірленді.

Сайтқа қойылған негізгі талаптар: 1) «Жас дәурен» ООСО-ның орталығын көпшілікке ұсыну, оның оң және заманауи имиджін қолдау, келушілерді орталық міндеттерімен таныстыру. 2) Сайтты пайдаланушы интерфейсі онда орналастырылған ақпараттың құрлымын көрнекті, интуитивті түсінікті көрсетуді, бөлімдер мен беттерге жылдам өтуді қамтамасыз ету. 3) Жүйені пайдаланушыға барлық қолжетімді ресурстар бойынша навигацияны және тиімді ақпаратты көрсете білу.

Сайттың бастапқы бетінде келесі ақпараттар берілуі керек:

- орталықтың құрылу және даму тарихы;
- ата-аналар назарына орталықтың ұсынатын қызметтері мен бағыттары туралы ақпарат, қажетгі реквезиттер мен сауалнамалар;
- сайттың басқа беттеріне сілтеме (инстаграм, вк, эл.почта);
- демалушылардың ауысым барысында жасаған фотосуреттері мен видеороликтері «фотогалерея» бөлімі;
- орталықтың мекен-жайы, байланыс құралдары;
- орталықтың жетекшісі мен орталық ұжымының суреттері;
- ата-аналарға арналған онлайн бот немесе онлайн почтаға тікелей сілтеме.

*Орталық туралы:* Павлодар облысы Баянауыл ауылында «Жас дәурен» облыстық оқыту-сауықтыру орталығы Павлодар облысының әкімдігі тапсырмасымен 2010 жылы ашылды. Әсем табиғатымен ежелгі тарихына бай Баянауыл өлкесінде «Жас дәурен» ООСО-ғы өз қонақтарын әрқашан асыға күтеді. Орталықта оқу жылы кезеңінде жалпы білім беретін оқу бағдарламалары іске асырылады. Оқу бағдарламалары бесінші және тоғызыншы сыныптардың негізгі білім деңгейін қамтиды. Оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі. Балаларды сабақтарда оқыту мен тәрбиелеудің басты міндеттерінің бірі – балалардың тапсырманы орындауға шығармашылық көзқарасты дамыту, еңбекқорлыққа қызығушылықтарын арттыру және практикалық жұмыстарды ұқыпты орындай білуге үйрету. «Жас дәурен» ООСО орталығына келген бала міндетті түрде – шығармашылықта және спортта өзін көрсете алады, шеберханаларда түрлі дағдылар мен ептілікке үйренеді, көптеген жаңа достар табады, ұжым деген не екенін сезіп, ұжыммен бірге Баянауыл ұлттық табиғи паркінің кереметін, қасиетті жерлері мен көрнекі орындарына барып тамашалауға үлкен мүмкіндік алады.


### Материалдар мен әдістер

Осы сұраныстарды іске асыру үшін ең алдымен сайттың *дизайн макеті* әзірленді. Веб-сайттың макетін жасау орналасу мен бағдарламалау кезеңінен бұрын болады. Беттер мен олардың элементтерінің графикалық

схемасы клиентке дизайнерді түсінуге көмектеседі, сонымен қатар болашақ ресурстағы барлық жұмысты жеңілдетеді [1].

Болашақ сайттың ең қарапайым көрінісі – оның *блок схемасы*. Ол жеңіл фонда беттің негізгі блок элементтері түрінде көрсетіледі.

Келесі қадам – *сайттың макетін* жасау. Бұл статикадағы реңктер, шегіністер және басқа параметрлер көрсетілген графикалық схема [2]. Прототиптің интерактивті түрінде болашақ сайттың жұмысын дәл көрсетеді. Оның көмегімен сыртқы көріністі ғана емес, сонымен қатар әртүрлі элементтердің функционалдығын да бағалауға болады. Макет Adobe Photoshop көмегімен орындалды (1-сурет).



Сурет 1 – Веб-сайттың макеті

Қазіргі заманғы желі – бұл көптеген сайттар, сондықтан пайдаланушы парақшаны байқап қалуы үшін үш негізгі бағытта күш салу керек, бұл – мазмұнмен толтыру, ақпаратты жылжыту және безендіру.

Web-беттегі графикалық материал, ең алдымен, ерекше дизайн стилі болып табылады. Суреттер, фотосуреттер және басқа да кескін түрлері ресурсты неғұрлым жарқын және қызықты етеді, өйткені жүз рет естігеннен гөрі бір рет көрген әлдеқайда жақсы. Дегенмен, көптеген әзірлеушілер бетті суреттермен, сызықтармен және фонмен толтыру жиі қателеседі [3].

Жақсы сайтта бәрі модерацияда болуы керек, сондықтан суреттер пайдаланушыны мәтіннен алшақтатпауы және оған интрузивті болып көрінбеуі өте маңызды.

Сурет жеткілікті сапалы болуы керек, өйткені пайдаланушы ең алдымен суретті көреді, сол арқылы мақаланың мазмұнын бағалайды. Бейне мәтіннің мағынасын беріп, тақырып бойынша соған сәйкес болуы керек деген екінші ой осыдан шығады.

Сайтты жасау үшін *Sublime Text 3* пайдаланылды.

Жылдам, ыңғайлы және толығымен реттелетін *Sublime Text 3* өте ыңғайлы, өйткені ол тегтерді ұсынады (авто толтыру), өзі шегініс жасайды, тегтерді жабады және тағы басқалар. Бір сөзбен айтқанда, бұл HTML құжатымен жұмысты өте жеңілдетеді. Бірақ, оны кейінірек, кем дегенде, негізгі тегтерді үйреніп, синтаксистің негізгі ережелерін түсінген кезде қолдану ұсынылады. *Sublime Text 3* тегін немесе ашық бағдарламалық жасақтама емес, дегенмен оның кейбір плагиндері еркін лицензия бойынша таратылады, сонымен қатар оны әзірлеушілер қауымдастығы әзірлейді және қолдайды. Ол синтаксисті бөлектеуді қолдайды: C, C++, C#, CSS, d, Erlang, HTML, Groovy, Haskell, HTML, Java, JavaScript, LaTeX, Lisp, Lua, Markdown, Matlab, OCaml, Perl, PHP, Python, R, Ruby, SQL, TCL, Textile және XML және басқа тілдер.

Сайттың макеті және сайтты жасау үшін қолданылатын бағдарламалау құралы таңдалғаннан кейін сайттың контентін қарастыру керек [3].

Веб-порталға қандай ақпарат, мәтін енгізген дұрыс?

Мәтіннің орны. Сайттағы мәтіннің орналасуына мүмкіндігінше көп көңіл бөлінуі керек. Өйткені, пайдаланушы сайтқа белгілі бір ақпарат алу үшін келеді, егер ол мәтіндік форматта ұсынылса, оны оқып, түсінуі үшін барлық мүмкіндікті жасау керек.

Адамдар әртүрлі ақпаратты іздейді, біреу тақырып бойынша үстірт деректер мен негізгі анықтамаларға қызығушылық танытады, ал біреу іздеген тақырыптың белгілі бір мәселесі бойынша егжей-тегжейлі және нақты сипаттамаларға мұқтаж екенін есте ұстаған жөн.

Сондықтан сайтқа мәтінді орналастырмас бұрын негізгі тұстарын бөліп көрсете отырып, оны семантикалық бөліктерге бөлу керек. Әрбір семантикалық бөлік жеке абзацқа немесе тақырыпшаға орналастырылады, ол оның мәнін анықтайтын сөздерден басталуы керек, өйткені бастапқыда пайдаланушы мәтінді жай ғана сканерлейді, ал егер ол бірінші секундтарда ақпараттың мәнін таппаса, қатысы жоқ деп есептейді [3].

*Веб-сайтты іске асыру және орналастыру [4].*

Веб-сайтты тестілеуде көбісі қате түсінеді. Тестілеу деп – сайтты іске қосар алдында түрлі қателіктерге зерттеу жасауды айтады. Бағдарламашылар тілінен алғанда: аудит жүргізу. Сайтты тексеру үшін көптеген онлайн-сервистер, тегін экспресс-аудит жүйелері бар.

Сайттың толық аудитін тек веб-сайтты әзірлеген web-бағдарламашы жасай алады. Дегенмен, кейбір көрсеткіштерді автоматты түрде тексеруге болатын құралдар бар. Бұл тегін, жылдам болады және көптеген техникалық қателіктерді көруге мүмкіндік береді .

Тестілеудің бірнеше жолдарын қарастыруға болады: «Яндекс. Вебмастер» және «Google Search Console».

Сайт туралы барлық негізгі ақпарат «Google» және «Яндекс» веб-мастеріне арналған тіркелгілерінде (аккаунт) бар. Іздеу жүйелері тіпті сайтты техникалық талдауға арналған бірнеше құралдарды ұсынады.

Мұнда не тексеруге болады:

- іздеу позициялары, яғни іздеу кезде веб-сайт ТОП-50 ішіне кіреді ме екенін;
- пайдаланушылар сайтқа кіретін сұраулар (запросы);
- сыртқы және ішкі сілтемелер;
- мобильді құрылғылар үшін оңтайландыру (оптимизация);
- жеке беттер серверінің жауабы;
- индекстеу;
- қауіпсіздік бұзушылықтары мен қауіптері;
- сапа көрсеткіштері («Яндекс» үшін).

«Сайтты тексеру» қосымшасы ресурс туралы шектеулі ақпарат береді, бірақ оның көмегімен мета тегтер мен қате сілтемелерді тексеруге болады.

Веб-сайтты серверге орналастыру үшін алдымен 2 нәрсе қажет – домен және хостинг. Сайт, кез-келген компьютерлік бағдарлама немесе электрондық құжат сияқты, файлдар жиынтығы болып табылады және сервер деп аталатын компьютерде орналасады. Әдетте, сервер арнайы техникалық қызмет көрсететін, қауіпсіздігіне жауапты және жоары жылдамдығына тәулік бойы интернетке қосылуын қамтамасыз ететін үлкен компаниялардың ұсынатын дата-центрлерінде орналасады.

Жасаған сайттың көлемі мен клиенттердің жиі кіруіне байланысты дисктегі көлеміне қарай серверді таңдау арқылы, веб-сайтты дата-центрге орналастырылады. Мұндай қызметтерді ұсынатын кәсіпорындарды – хостинг-провайдер дейміз, немесе қысқаша хостер, ал қызмет – хостинг деп аталады.

Соңғы уақытта Қазақстан өзінің интернет-кеңістігін дамытуға жеткілікті түрде қосылды. Бірақ хостинг провайдерлері, әлі де болса, қалыптасу жолында.

*Хостинг.* Кез-келген сайт мәтіндерден, суреттерден, файлдардан, бейне, аудио және басқа материалдардан тұрады. Бұл материалдардың барлығы бір жерге орналастырылуы керек, өйткені олардың салмағы бар. Сайттың файлдарын орналастыру орны хостинг деп аталады.

Қазақстанда хостингтік компаниялар өте көп және олардың бағалары, тарифтері әртүрлі болғандықтан хостинг таңдауда асығудың қажеті жоқ. Егер компания сенімді болса, хостинг сатып алуға болады. Осы сайтты жасауда, Қазақстандық «PS Internet Company» компаниясының домені мен хостингін сатып алынды.

Қазақстанда доменді тіркеу.

*Домен* – бұл сайттың мекен-жайы. Бұл жағдайда веб-сайттың домені: zhasdauren-pvl.kz. Бағасы – 3388 тг.

Домен атауы немесе домен (Domen) – бұл web-сайттың мәтіндік аты (мекен-жайы), ол шолғыштың сілтеме жолына енгізіледі. Домен-белгілі бір сайтқа сәйкес келетін бірегей идентификатор.

Қазақстанда тіркеуші компаниялар желідегі барлық ақпаратты жария етіп көрсетеді. Сондықтан тіркеу кезінде пәтер мен үйдің мекен-жайын беруге болмайды, жұмыс мекенжайын немесе тек үйді көрсетумен шектелу керек.

Хостинг және доменді тіркеу процесі.

Процедура өте қарапайым. Тіркеу формасы толтырылады, тариф таңдалады, шот-фактура жіберіледі, төлем жасағаннан кейін басқару панелі беріледі.

Хостинг сатып алғаннан кейін электронды поштаға ыңғайлы Plesk басқару тақтасына сілтеме беріледі. Сілтемемен бірге оның логины мен құпия кілті беріледі.


Хостинг алу үшін алдымен PS.kz сайтында тіркелу керек. PS.kz сайтында бірнеше тарифтер бар. Бұл веб-сайтқа 1 GB орын жеткілікті болғандықтан соның ішінен XS тарифын таңдалынды. zhasdauren-pvl.kz доменді XS тарифына жалғап екі бірдей төлеу шотын электрондық поштаға келеді.

Құрған веб-сайтты серверге орналастыру үшін PS Internet Company компаниясының Parallels Plesk басқару тақтасы арқылы ыңғайлы жүзеге асырылады.

Plesk басқару тақтасы – бұл веб-ресурстарды басқаруға арналған шешім. Қарапайымдылық пен ыңғайлылықтың арқасында Plesk лицензиялары сайт иелері арасында да, веб-әзірлеушілер мен хостинг провайдерлері арасында да сұранысқа ие.


### Нәтижелер мен талқылаулар

Жұмысты орындау нәтижесінде, «Жас дәурен» корпоративтік веб-сайты дизайн жағынан көз тартарлық, интернет желісінде қолдануға мүмкіндігі бар веб-сайт әзірленді.



Сурет 2 – Веб-сайттың бастапқы беті

Сайттың бастапқы мақсаттарының бірі – келушілерге орталыққа жолдама алу үшін қандай құжаттар жинау керек екенін ұсыну болды. Бұл ақпаратты «Құжаттар» бөлімінен байқап және қосымша сауалнама өтуге болады (3-сурет).




Сурет 3 – Құжаттар бөлімі

Сонымен қатар, әр ай сайын орталық 1 жолдаманы ұтысқа тігеді. Тегін жолдаманы ұтып алу үшін, орталық сайтына өтіп «Конкурс» бөлімінде қандай талаптарды орындау керек екендігін көруге болады (4-сурет). Көбінесе ұтыс орталық ұсынған тақырып аясында: сурет салу, видеоролик жасау, қолөнер сияқты форматта жүзеге асырылады. Берілген шарттарды




онлайн орындап, сайтта көрсетілген сілтемені басып, жұмысты сол жерге жіберуге болады.



Сурет 4 – Конкурс бөлімі

«Байланыс» веб-бетінде «Жас дәурен» сауықтыру лагерінің орналасқан жері, «Google Maps» картасы, байланыс нөмірлері, e-mail поштасы, төменгі бетке қарай блоктан құралған мемлекеттік ақпараттар берілген (5-сурет).



Сурет 5 – «Байланыс» веб-беті

Веб-сайт домен мен хостинг сатып алу арқылы дүниежүзілік интернет желісіне жүктелінді. Сайт дизайны мен құрылымы «Жас дәурен» облыстық оқыту-сауықтыру орталығы мекемесінің тапсырысы

бойынша әзірленді. Әзірленген zhasdauren-pv1.kz веб-сайты «Жас дәурен» мекемесінің ресми веб-сайты ретінде мекеме жетекшісінің мақұлдауымен және ендіру актімен расталды.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, келесі шаралар жүзеге асырылды: сайттың макеті жасалынды; сайттың құрылымы әзірленді; мекеме жайлы мәлімет жиналды; сайт мәлімет пен графикалық суреттермен толықтырылды; домен мен хостинг сатып алынды; веб-сайт серверге жүктелінді.

Веб-сайт мақсатының бірі «Жас дәурен» облыстық оқыту-сауықтыру орталығына жолдама алғысы келетін оқушыларға бағалары мен көрнекті жерлерін тамашалауға, уақытын үнемдеуге көмектесетін веб-сайт жасалды.

Мақалада, аталған сайтты жасау барысын сипаттай отырып, веб-сайтты жасауда макетін, құрылымын, контентпен толықтыру, домен мен хостинг алу, серверге жүктеу кезіндегі ерекшеліктер ашылып жазылды. Бұл деректерді веб-сайт жасауды үйренушілер және оқытуда тәжірибе ретінде қолдануға болады.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Крамер, Э. HTML. – СПб. : «Диалектика», 2016. – 426 с.
- 2 Нидерст, Дж. Web-мастеринг для профессионалов. Настольный справочник. – СПб. : Изд-во Питер, 2020. – 240 с.
- 3 Кирсанов, Д. Web-дизайн. – СПб. : Символ-Плюс, – 2019. – 376 с.
- 4 Jaworsky, J. Mastering JavaScript and Jscript. – New York : Изд-во Sybex, 2019. – 940 с.
- 5 Николенко, Д. В. Практические занятия по Java Script. – М. : Наука и техника, 2015. – 128 с.
- 6 Вагнер, Р., Вайк, А. Java Script.– К. : ДиаСофт, 2017. – 464 с.
- 7 Брандбау, Дж. Java Script – Сборник рецептов. – СПб. : Питер,– 2015. – 416 с.
- 8 Шикин, Е. В., Боресков, А. В. Компьютерная графика. – М. : «Диалог-Мифи», 2016. – 570 с.
- 9 Вуд, Л. Web-графика. – СПб. : «Диалектика», 2018. – 488с.
- 10 Буковецкая, О. А. Дизайн текста: шрифт, эффекты, цвет. – М. : ДМК, 2000. – 304 с.
- 11 Вин, Дж. Искусство Web-Дизайна. – СПб. : Изд-во «Питер», 2014. – 360 с.
- 12 Шапошников, И. Web-сайт своими руками. – СПб. : Изд-во «Питер», 2018. – 390 с.

- 13 **Якушина, Е.** Изучаем Интернет, создаем web- страничку. – СПб. : Питер, – 2017. – 256 с.  
14 **Федорчук, А.** Как создаются Web-сайты. – СПб. : Питер, – 2020. – 224 с.

#### REFERENCES

- 1 **Kramer, E`.** HTML. – St. Petersburg : Dialektika, 2016. – 426 p.  
2 **Niderst, Dzh.** Web-mastering dlya professionalov [Web-mastering for professionals] Nastol'ny'j spravochnik – St. Petersburg : Piter, 2020. – 240 p.  
3 **Kirsanov, D.** Web-dizajn [Web design] – St. Petersburg : Simvol-Plyus, – 2019. – 376 p.  
4 **Jaworsky, J.** Mastering JavaScript and Jscript. – New York : Izd-vo Sybex, 2019. – 940 p.  
5 **Nikolenko, D. V.** Prakticheskie zanyatiya po Java Script [Practicing Javascript]. – Moscow : Nauka i tekhnika, 2015. – 128 p.  
6 **Vagner, R., Vajk, A.** Java Script.– К. : DiaSoft, 2017. – 464 p.  
7 **Brandebau, Dzh.** Java Script – Sbornik receptov [Java Script – Recipe Collection]. – St. Petersburg : Piter, 2015. – 416 p.  
8 **Shikin, E. V., Boreskov, A. V.** Komp'yuternaya grafika [Computer graphics]. – Moscow : Dialog-Mifi, 2016. – 570 p.  
9 **Vud, L.** Web-grafika [Web graphics]. – St. Petersburg : Dialektika, 2018. – 488p.  
10 **Bukoveczkaya, O. A.** Dizajn teksta: shrift, e`ffekty`, czvet [Text design : font, effects, color.]. – Moscow : DMK, 2000. – 304 p.  
11 **Vin, Dzh.** Iskusstvo Web-Dizajna [The Art of Web Design]. – St. Petersburg : Piter, 2014. – 360 p.  
12 **Shaposhnikov, I.** Web-sajt svoimi rukami [Website with your own hands]. – St. Petersburg : Piter, 2018. – 390 p.  
13 **Yakushina, E.** Izuchaem Internet, sozdaem web- stranichku [Studying the Internet, creating a web page]. – St. Petersburg : Piter, – 2017. – 256 p.  
14 **Fedorchuk, A.** Kak sozdayutsya Web-sajty` [How Websites Are Created]. – St. Petersburg : Piter, – 2020. – 224 p.

Материал 07.09.22 баспаға түсті.

\*Ж. С. Алимova<sup>1</sup>, А. Д. Алинова<sup>2</sup>, Д. М. Пшенбай<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup>Торайғыров университет,  
Республика Казахстан. г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 07.09.22.

#### ОСОБЕННОСТИ СОЗДАНИЯ ВЕБ-САЙТА ПРЕДПРИЯТИЯ

*В век цифровизации мира Интернет является основным источником поиска и обмена информацией, в том числе предприятий и частных лиц, пользователей и т.д. Понятно, что веб-сайты являются эффективным инструментом для этого. Благодаря этому спрос на создание сайтов не снижается. В данной работе будет рассмотрен пример создания такого сайта.*

*В настоящее время все больше подростков, желающих провести свой отпуск в лагере «Жас Даурен», в окружении природы Баянаула. До сих пор было много проблем, связанных с невозможностью найти необходимые документы и контактные телефоны для направления в ООО «Жас Даурен». В качестве средства решения данной проблемы руководством организации было принято решение о создании сайта ООО «Жас Даурен», и предложили создать сайт в рамках дипломной работы студентов факультета Computer science Торайғыров университета.*

*В статье освещена специфика создания сайта по заказу ООО «Жас Даурен». То есть, в работе рассмотрены теоретические основы и программные средства разработки сайта ООО «Жас Даурен», приведены этапы проектирования и разработки сайта. При создании сайта использовались Sublime Text 3, CSS, HTML, JavaScript, и был выложен во всемирную сеть путем покупки домена и хостинга компании PS.*

*Ключевые слова: создание сайта, интерфейс сайта, спецификация сайта, Sublime Text 3, лагерь «Жас Даурен».*

\*Zh. Alimova<sup>1</sup>, A. Alinova<sup>2</sup>, D. Pshenbaeva<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup>Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 07.09.22.

#### FEATURES OF CREATING AN ENTERPRISE WEBSITE

*In the age of digitization of the world, the Internet is the main source of information search and exchange, including enterprises, individuals, users, etc. It is clear that websites are an effective tool for this. Due to this, the demand for creating websites is not low. In this paper, an example of creating such an on-demand website will be considered.*

Currently, there are more and more teenagers who want to spend their holidays in the «Zhas Dauren» camp, surrounded by the nature of Bayanaul. Until now, there have been many problems related to not being able to find the necessary documents and contact numbers for referral to «Zhas Dauren» OOSO. As a means of solving this problem, the leadership of the organization decided to create a website of «Zhas Dauren» OOSO, and asked to create a website as part of a diploma thesis.

The article covers the specifics of creating a website on request of «Zhas Dauren» OOSO. That is, in the work, the theoretical foundations and software tools for the development of the «Zhas Dauren» OOSO site are considered, the design and development stages of the site are recorded. Sublime Text 3, CSS, HTML, JavaScript were used in the creation of the site, and PS was uploaded to the world wide web by purchasing the company's domain and hosting.

Keywords: website creation, site interface, site specifications, Sublime Text 3, «Zhas Dauren» camp.

FTAMP 004.93

<https://doi.org/10.48081/WTYO8398>

**\*Ә. М. Жаппас**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

## **БИОМЕТРИЯЛЫҚ АУТЕНТИФИКАЦИЯНЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ: ШОЛУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ**

Бұл мақалада ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу мүмкіндігін азайту мәселесі зерттелуде. Аутентификация процесінің тұжырымдамасы және оның түрлері қарастырылады. Саусақ ізі, көз торы, қол геометриясы, бет геометриясы, дауыс және қолжазба сияқты биометриялық сипаттамаларды қолдануға негізделген биометриялық аутентификацияның статикалық және динамикалық әдістері сипатталған. Биометриялық аутентификацияның динамикалық әдістерінің артықшылықтары анықталды. Осы әдістерді талдау нәтижелері бойынша адамның бет-әлпетін биометриялық сипаттама ретінде пайдалану ұсынылды. Биометриялық аутентификацияның ең заманауи және перспективалы әдісі веб-камераның көмегімен үнемі жасырын бақылау арқылы эмоционалды күй мен мимиканы бағалау болып табылады деген қорытындыға келдік. Биометриялық аутентификацияның осы әдісін дамыту саласындағы зерттеулердің болашағы – осы пән саласындағы математикалық аппаратты, алгоритмдік, ақпараттық және бағдарламалық қамтамасыздандыру әдістері мен технологияларын дамыту. Математикалық аппараттың дамуы жергілікті екілік үлгілер мен  $k$ -ең жақын көршілердің әдістерін қолдануға негізделуі керек. Эмоционалды жағдай мен мимиканы бағалауға негізделген әдіс ең перспективті болып табылады, алайда қазіргі уақытта осы саладағы зерттеулер даму сатысында, сол себепті бұл әдісті қолданудың барлық мүмкіндіктері туралы толық түсінік бермейді.

Кілтті сөздер: сәйкестендіру, аутентификация, биометриялық аутентификация, биометриялық сипаттамалар, статикалық әдістер, динамикалық әдістер.

### Кіріспе

Қазіргі уақытта ақпараттық жүйелерді пайдалану адам қызметінің әртүрлі салаларының ажырамас бөлігі болды. Қол жетімділігі шектеулі ақпараттың үлкен көлемі ақпараттық жүйелерде тасымалданады, сақталады және өңделеді, бұл олардың ақпараттық қорғалуын қамтамасыз ету қажеттілігін қалыптастырады.

Ақпараттық жүйелердегі ақпаратты қорғау кешенді қорғау жүйесін құрумен қамтамасыз етіп, оның басты құраушыларының бірі рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау әдістері (РҚЖ) болып табылады. 2019 жылдың басында PricewaterhouseCoopers халықаралық компаниялар желісі жүргізген ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша жаһандық зерттеу нәтижелеріне сәйкес респонденттердің тек 55 %-ы рұқсатсыз пайдалану немесе РҚЖ мониторингін жүзеге асырады. Бұл ретте ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бөлінген бюджеттің тек 20 %-ы ғана РҚЖ бұғаттау қаражатын сатып алуға және 20 %-ы РҚЖ анықтау құралдарын сатып алуға бөлінеді [1].

Рұқсат етілмеген қол жеткізуден бағдарламалық-аппараттық қорғаудың негізіне пайдаланушыларды сәйкестендіру (қолданушының аттары) және аутентификация процедуралары болады [2].

Пайдаланушыны аутентификациялау процесі келесі ақпараттар ұсынылған кезде мүмкін болады:

- бір нәрсені білу (пароль, жеке нөмір және т.б.);
- бір нәрсені иелену (карта, кілт және т.б.);
- пайдаланушының бөліктері (биометриялық сипаттамалары) [3].

Пайдаланушыларды бір нәрсені білу арқылы аутентификациялаудың ең көп таралған әдісі – арнайы ақпаратты (парольді) қолданатын аутентификация. Бұл әдіс қолдану үшін де, зиянкестерге шабуылдар жасау үшін де қарапайым.

Пайдаланушыға тиесілі нәрсені ұсыну кезінде аутентификацияның ұқсас кемшіліктері бар және парольді тасымалдау, жоғалту, ұрлау немесе көшіру қаупін қосады.


### Материалдар мен әдістер

Биометриялық аутентификация немесе биометриялық сипаттамаларға негізделген аутентификация келесі артықшылықтарға ие:

- жанасу қажеттілігінің болмауына байланысты қолдануға ыңғайлы;
- жоғалту немесе ұмыту мүмкін емес, өйткені биометриялық сипаттамалар анықталған пайдаланушының бөлігі болып табылады;
- биометриялық сипаттамаларды беру және бұрмалау айтарлықтай кедергі келтіреді.

Биометриялық аутентификация – аутентификацияның дәстүрлі процедураларын пайдалану кезінде туындайтын бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін перспективті бағыт.

Қазіргі уақытта биометриялық аутентификация әдістерінің екі классы бар: статикалық әдістерге негізделген және динамикалық әдістерге негізделген (Сурет 1).



Сурет 1 – Аутентификацияның биометриялық әдістері

Статикалық әдістер адамның туылғаннан бері болатын биометриялық сипаттамаларына негізделген. Мұндай қасиеттерді жоғалту, ұрлау немесе ұмытып кету мүмкін емес.

Саусақ ізінің аутентификациясы – саусақтарда тері үлгілерін құрайтын сызықтар мен қасиеттерге ие.

Саусақ іздерін алудың бірнеше әдістері бар: оптикалық, сыйымдылық, радиожиілік, ультрадыбыстық, қысым, температура [4].

Қолданылатын алгоритмге байланысты көз торының аутентификациясы екі түрге бөлінеді: сегменттеу алгоритмдерін қолдану және ретинальды кескіннен мүмкіндіктерді алу. Бұл әдістің айтарлықтай кемшілігі бар – сканерлеу кезінде бастың немесе көздің қозғалысы, бұл бірінші категе әкелуі мүмкін («өзіміздікі» «бөтен» деп алынады) және екінші («бөтен» «өзіміздікі» ретінде) қателесуі мүмкін [5].

Қол геометриясының аутентификациясы қол пішінін сканерлеуді (саусақтардың қисықтары, ұзындығы, қалыңдығы; қолдың артқы жағының ені мен қалыңдығы; буындар мен сүйек құрылымы арасындағы қашықтық) пайдаланады. Бұл әдіс сканерлердің әртүрлі буын ауруларының көріністеріне сезімталдығына байланысты қатесіз емес.

Бет геометриясына негізделген аутентификация ең күрделі техникалық іске асырумен сипатталады. Әдіс адам бетінің үш өлшемді моделін

құруға негізделген, ол үшін тұлғаның әртүрлі элементтерінің контурлары ажыратылады және олардың арасындағы қашықтық есептеледі. Бірегей үлгіні анықтау үшін 12-ден 40-қа дейін сипаттамалық элементтер қажет. Бірегей үлгі кескіннің көптеген нұсқаларын ескеруі керек.

Статикалық әдістерде қолданылатын биометриялық сипаттамалардың өзгермейтіндігі мен ашықтығы биометриялық кілтті қолдануға мүмкіндік береді. Нәтижесінде динамикалық биометриялық аутентификация әдістерін қолдану бірқатар артықшылықтарға ие.

Динамикалық әдістер адамдардың мінез-құлық ерекшеліктеріне негізделген.

Қазіргі уақытта дауыс бойынша аутентификация кеңінен қолданылады. Бұл әдістің негізгі артықшылықтары – пайдалану және енгізудің қарапайымдылығы, жалпы қолжетімділік және үлгіні құрудың көптеген тәсілдерінің болуы. Дегенмен, әртүрлі факторлардың (денсаулық, жас, көңіл-күй) әсерінен дауыстың өзгермелілігіне байланысты көптеген мәселелер бар. Дауысты өңдеу процесінің өзі келесі кезеңдерге бөлінеді: сигналды алдын ала өңдеу, критерийлерді шығару, тану [4, 5].

Қолжазба аутентификациясы құжаттарға қол қою кезіндегі қол қозғалысының ерекшеліктеріне негізделеді. Қолтаңба деректерін өңдеудің екі әдісі бар: қолтаңбаның өзін талдау, жазудың динамикалық сипаттамаларын талдау. Сондай-ақ пернетақтадағы қолжазба арқылы пайдаланушының аутентификациясы бойынша зерттеулер жүргізілуде, оның әрі қарай даму болашағы бар екені сөзсіз.

Дәстүрлі түрде бет геометриясының биометриялық аутентификациясы статикалық әдістерге негізделген. Сондай-ақ бет геометриясының бірегейлігі төмен екендігі жалпы қабылданған, бұл кейіннен бірінші және екінші түрдегі елеулі қателіктерге әкеледі [9, 10].

Айта кету керек, егер бастапқы аутентификация қатесіз өтсе және жүйе «оны» «өзі» деп қабылдаса да, бұл ақпаратты 100 % қорғауға мүмкіндік бермейді [11].

### **Нәтижелер және талқылау**

Биометриялық аутентификацияның ең заманауи және перспективалы әдісі – веб-камера көмегімен тұрақты жасырын бақылау арқылы адамның эмоционалдық күйі мен мимикасын бағалау.

Адамның эмоционалдық күйі мен мимикасы сыртқы және ішкі факторларға байланысты үнемі өзгеріп отырады. Сонымен бірге эмоцияларды білдіру бұл бейсаналық процесс (адам өзінің эмоционалдық жағдайына жауап бермейді), бұл биометриялық сипаттаманы жасыру және өзгерту мүмкіндігін іс жүзінде жоққа шығарады.

Ақпараттық жүйеге шабуыл жасауға дайын адамның бет-әлпеті күнделікті эмоциялардан ерекшеленетін, өзгеше болатын белгілі бір эмоцияларды білдіреді. Осыны ескере отырып, бірінші және екінші типтегі қателіктердің ықтималдығын азайту үшін пайдаланушылардың эмоционалды күйі мен бет-әлпетіндегі өзгерістерді зерттеу, сонымен қатар сәйкестендіру және аутентификация процедураларынан сәтті өткен қызметкерлерге зиян келтіру кезінде ақпараттың қауіпсіздігін арттыру негізделген.

Қазіргі заманғы биометриялық аутентификация әдістерін дамыту саласында зерттеулер жүргізу кезінде берілген пән саласында математикалық аппаратты, алгоритмдік, ақпараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету әдістері мен технологияларын дамыту перспективалы болып табылады [12].

Математикалық аппараттың дамуы жергілікті екілік үлгілердің (Local Binary Patterns (LBP)) және k-ең жақын көршілерінің әдістерін қолдануға негізделуі керек.

LBP әдісі – сегіз разрядты екілік кодты алу үшін екілік пішіндегі кескін пикселінің көршілестігін сипаттау. Орталық пиксель шек ретінде қабылданады. Мәндері орталық пиксельдің мәнінен үлкен немесе оған тең пикселдер «1» мәнін, орталықтың мәнінен кіші пикселдер «0» мәнін қабылдайды.

k-ең жақын көрші әдісі – бұл көпөлшемді мүмкіндіктер кеңістігінде ең жақын k көршілерінің көпшілігі бар сыныпқа нысандарды тағайындайтын әдіс. k саны – классификацияланатын объектімен салыстырылатын, ерекшеліктер кеңістігіндегі көрші объектілердің саны.

Алгоритмдік құрылымдарды құру келесі процедураларды құрылымдау тұрғысынан орынды болып көрінеді:

- биометриялық сипаттаманың ең төменгі және ең жоғарғы шегін белгілеу;
- пайдаланушының эмоционалдық жай-күйі мен бет-әлпетінің тұрақтылығына байланысты биометриялық сипаттамасының тұрақтылығын анықтау;
- ақпараттың қауіпсіздікті арттыру алгоритмі жұмыс істейтін ең төменгі және максималды шектерді белгілеу;
- «өткізу дәлізін» және пайдаланушының әрбір биометриялық сипаттамасы үшін орташа мәнді есептеу;
- эмоционалдық жай-күй мен мимиканы бағалау негізінде ақпараттың қорғалуын арттыру алгоритмін әзірлеу;
- пайдаланушының биометриялық кілтін жасау.

Ақпараттық және бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу – бұл сәйкестендіру және аутентификация сияқты процестерді автоматтандыру және ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады.

## Қорытынды

Қорытындылай келе, биометриялық аутентификацияның заманауи әдістерін шолу және талдау нәтижелері бойынша эмоционалды жай-күйі мен бет-әлпетінің тұрақтылығын бағалауға негізделген әдіс ең перспективалы деп қорытынды жасауға болады, өйткені оны қолдану бірінші және екінші типтегі қателіктердің ықтималдығын азайтады, осылайша ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін арттырады. Осы әдісті қолданудың барлық мүмкіндіктері туралы толық түсінік алу әлі қиын, өйткені қазіргі уақытта осы саладағы зерттеулер даму сатысында.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Галатенко, В. А.** Идентификация и аутентификация, управление доступом // Интернет Университет Информационных Технологий. – 2006.
- 2 **Гуреева, О.** Биометрическая идентификация по отпечаткам пальцев. Технология FingerChip // Компоненты и технологии. 2007. – № 4. – С. 176–180.
- 3 **Трофимов, В. Б., Кулаков, С. М.** Интеллектуальные автоматизированные системы управления технологическими объектами : Учебное пособие. – Изд-во Инфра-Инженерия, 2020. – 256 с.
- 4 **Брагина, Е.К., Соколов, С. С.** Современные методы биометрической аутентификации // Вестник АГТУ. – 2016. – № 1. – 6 с.
- 5 **Щемелинин, В. Л.** Исследование устойчивости голосовой верификации к атакам, использующим систему синтеза // Изв. высш. учеб. завед. Приборостроение, 2014. – № 2. – С. 84–88.
- 6 **Тассов, К. Л.** Метод идентификации человека по голосу // Инженерный журнал: наука и инновации. Изд-во МГТУ им. Н. Э. Баумана, 2013. – № 6. – 10 с.
- 7 **Выскуб, В. Г.** Возможности повышения точности биометрических распознающих систем // Инженерная физика. – 2009. – № 5. – С. 41–43.
- 8 **Маркелов, К. С.** Биометрические информационные технологии: актуальные и перспективные методы // Информационные и телекоммуникационные технологии. – 2013. – № 18. – С. 24–42.
- 9 **Шибанов, С. В.** Сравнительный анализ современных методов аутентификации пользователя // Математическое и программное обеспечение систем в промышленной и социальной сферах. – 2015. – № 1. – С. 33–37.
- 10 **ГОСТ Р ИСО/МЭК 19794-5-2006** Автоматическая идентификация. Идентификация биометрическая. Форматы обмена биометрическими данными. // Часть 5. Данные изображения лица. – Изд-во МГТУ имени Н. Э. Баумана, 2021.

## REFERENCES

- 1 **Galatenko, V. A.** Identifikaci i autentifikaciâ, upravlenie dostupom [Identification and authentication, access control] // Internet Universitet Informacionnyh Tehnologij. – 2006.
- 2 **Gureeva, O.** Biometričeskaâ identifikaciâ po otrečatkam pal'cev. Tehnologiiâ FingerČip [Biometric identification by fingerprints. FingerChip technology] // Komponenty i tehnologii. – 2007. – No. 4. – P. 176–180.
- 3 **Trofimov, V. B., Kulakov, S. M.** Intel'ektual'nye avtomatizirovannye sistemy upravleniâ tehnologičeskimi ob'ektami [Intelligent automated control systems for technological objects] : Učebnoe posobie. – Izd-vo Infra-Inženeriâ, 2020. – 256 p.
- 4 **Bragina, E. K., Sokolov, S. S.** Sovremennye metody biometričeskoj autentifikacii [Modern methods of biometric authentication] // Vestnik AGTU. 2016. – No. 1. – 6 p.
- 5 **Šmelinin, V. L.** Issledovanie ustojčivosti golosovoj verifikacii k atakam, ispol'zuyušim sistemu sinteza [Investigation of the stability of voice verification to attacks using the synthesis system] // Izv. vysš. učeb. zaved. Priborostroenie. 2014. – No. 2. – P. 84–88.
- 6 **Tassov, K. L.** Metod identifikacii čeloveka po golosu // Inženernyj žurnal : nauka i innovacii [Method of identifying a person by voice // Engineering Journal : Science and Innovation] // Izd-vo MGTU im. N. E. Baumana, 2013. – No. 6. – 10 p.
- 7 **Vyskub, V. G.** Vozmožnosti povyšeniâ točnosti biometričeskikh raspoznayuših sistem [Possibilities of improving the accuracy of biometric recognition systems] // Inženernaâ fizika. – 2009. – No. 5. – P. 41–43.
- 8 **Markelov, K. S.** Biometričeskie informacionnye tehnologii: aktual'nye i perspektivnye metody [Biometric information technologies: actual and promising methods]. Informacionnye i telekommunikacionnye tehnologii. 2013. – No. 18. – P. 24–42.
- 9 **Šibanov, S. V.** Sravnitel'nyj analiz sovremennyh metodov autentifikacii pol'zovatelâ [Comparative analysis of modern user authentication methods]. Matematičeskoe i programmnoe obespečenie sistem v promyšlennoj i social'noj sferah. – 2015. – No 1. – P. 33–37.
- 10 **GOST R ISO/MEK 19794-5-2006** Avtomatičeskaâ identifikaciâ. Identifikaciâ biometričeskaâ. Formaty obmena biometričeskimi dannymi [Automatic identification. Biometric identification. Formats for the exchange of biometric data]. Čast' 5. Dannye izobraženiâ lica. – Izd-vo MGTU im. N. E. Baumana, 2021.

Материал 07.09.22 баспаға түсті.

\*А. М. Жаппас

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,  
Республика Казахстан, г. Астана.  
Материал поступил в редакцию 07.09.22.

\*A. M. Zhappas

L. N. Gumilyov Eurasian National University,  
Republic of Kazakhstan, Astana.  
Material received on 07.09.22.

## СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ БИОМЕТРИЧЕСКОЙ АУТЕНТИФИКАЦИИ: ОБЗОР И АНАЛИЗ

*В данной статье исследуется проблема минимизации возможности несанкционированного доступа к информации. Рассматривается концепция процесса аутентификации и его типы. Описаны статические и динамические методы биометрической аутентификации, основанные на использовании таких биометрических характеристик, как отпечаток пальца, сетчатка глаза, геометрия руки, геометрия лица, голос и почерк. Выявлены преимущества динамических методов биометрической аутентификации. Основываясь на результатах анализа этих методов, было предложено использовать человеческое лицо в качестве биометрической характеристики. Мы пришли к выводу, что наиболее современным и перспективным методом биометрической аутентификации является оценка эмоционального состояния и выражения лица путем постоянного скрытого наблюдения с помощью веб-камеры. Будущее исследований в области разработки этого метода биометрической аутентификации заключается в разработке математического аппарата, алгоритмических, информационных и программных методов и технологий в области этой дисциплины. Разработка математического аппарата должна основываться на использовании локальных бинарных моделей и методов  $k$ -ближайших соседей. Метод, основанный на оценке эмоционального состояния и мимики, является наиболее перспективным, но в настоящее время исследования в этой области находятся на стадии разработки, поэтому он не дает полного представления обо всех возможностях использования этого метода.*

*Ключевые слова: идентификация, аутентификация, биометрическая аутентификация, биометрические характеристики, статические методы, динамические методы.*

## MODERN BIOMETRIC AUTHENTICATION METHODS: OVERVIEW AND ANALYSIS

*This article explores the problem of minimizing the possibility of unauthorized access to information. The concept of the authentication process and its types are considered. Static and dynamic methods of biometric authentication based on the use of biometric characteristics such as fingerprint, retina, hand geometry, face geometry, voice and handwriting are described. The advantages of dynamic methods of biometric authentication are revealed. Based on the results of these methods analysis, it was proposed to use the human face as a biometric characteristic. We came to the conclusion that the most modern and promising method of biometric authentication is to assess the emotional state and facial expressions through constant covert observation using a webcam. The future of research in the field of development of this method of biometric authentication is the development of mathematical apparatus, algorithmic, information and software methods and technologies in the field of this discipline. The development of the mathematical apparatus should be based on the use of local binary models and methods of  $k$ -nearest neighbors. The method based on the assessment of emotional state and facial expressions is the most promising, but currently research in this area is at the stage of development, so it does not give a complete idea of all the possibilities of using this method.*

*Keywords: identification, authentication, biometric authentication, biometric characteristics, static methods, dynamic methods.*

**\*Н. К. Токжигитова<sup>1</sup>, А. К. Омарова<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup>Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

## **ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН АҚПАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРДЫ ТАЛДАУ**

Бұл мақалада заманауи білім беру ресурстарының ақпараттық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мүмкіндіктері қарастырылған. Білім беру үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудағы маңызы, әдістемелік ерекшеліктердің сипаттамасы, электронды оқыту жүйесі жобасы аясында жасалған ЦБР мазмұны мен құрылымын талдау қарастырылған. Сонымен қатар, ЦБР-ге қойылатын талаптар, қағидалар, топтамалардың мазмұны, және оны қолданудың әдістері көрсетілген. Оқу материалын орталық деректер базасында ұсыну үшін технологиялар мен мультимедиялық форматтары қарастырылды. Сипатталған мультимедиялық технологиялар мен форматтар жиынтығы оқытушылар мен әдіскерлерге қол жетімді әдістемелік материалдарды жаңа орталықтың құрылымына қосуға мүмкіндік береді, сонымен қатар заманауи педагогикалық технологияларға қойылатын талаптарды толық қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Оқу процесінде цифрлық білім беру ресурсын пайдалану оқуға деген қызығушылықты арттыруға және оқу материалын игеруге көмектесуге, сондай-ақ басқа оқу пәндерімен ақпараттық технологияларды кешенді пайдалануға мүмкіндік береді. Мақалада білім берудегі цифрлық технологиялардың мәні – бұл оқу процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған ақпаратты өңдеуді, беруді және көрсетуді қамтамасыз ететін әдістер, әдістер мен құралдар жиынтығы екендігі айтылған. Қазіргі заманғы цифрлық білім беру технологияларын пайдалану сапалы жаңа білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге әкеледі, басқарушылық қызмет процесін жеделдетеді және оның тиімділігін арттырады.

Кілтті сөздер: интерактив, мультимедиа, моделинг, коммуникативтілік, өнімділік, қолданбалы ақпараттық технологиялар, цифрлық білім беру ресурстары.

## **Кіріспе**

Мақсаты: білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану. Мультимедиялық форматтарды және технологияларды қолдана отырып, оқу материалын ЦБР-де ұсыну.

Білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану келесі міндеттерді шешу арқылы білімді құрылымдау негізінде оқыту мазмұнын өзгертуді талап етеді:

- білім беру мекемелері қызметінің ерекшелігіне жаңа технологияларды байланыстыруды анықтайтын стандарттарды әзірлеу;

- мамандандырылған ақпараттық-білім беру орталарын, ЦБР мен курстарды құру;

- жеке бейімділіктері мен дайындық деңгейі бар білім алушыларды зияткерлік жүктеу үшін оқу материалын құрылымдау және күрделілігі әртүрлі деңгейдегі автоматтандырылған тест тапсырмаларын жобалау;

- әдістемелік толтырумен (қозғалыс, көрнекілік, түс және т.б.) ЦБР қалыптастыру кезінде мультимедиялық компоненттерді кешенді пайдалану;

- әдістемелік материалдарды, ЦБР, бағдарламаларды, курстарды әзірлеу және оларды сүйемелдеу сапасын бақылау өлшемшарттарын, құралдары мен жүйелерін әзірлеу.

Білім беруді ақпараттық қамтамасыз ету «Қашықтықтан оқытуға арналған іс-шаралар әр түрлі ақпарат құралдарындағы ақпараттық ресурстар болып табылады және оларға жедел қол жеткізу құралдары бар. Ақпараттық ресурстар оқу процесін жүргізуді және білім алушылардың білім сапасын толық көлемде қамтамасыз етуі тиіс. Ақпараттық ресурстарға жедел қол жеткізу құралдары компьютерлік желілер мен технологияларға негізделуі тиіс».

Компьютер біздің қолымызға бес жаңа педагогикалық құрал береді: интерактив, мультимедиа, моделинг, коммуникативтілік, өнімділік, оларды қолдану тиімділігіне ЦОР білім беру сапасы тікелей тәуелді [1].

Осы уақытқа дейін алғашқы үш құрал негізінен электронды басылымдарда жергілікті ақпарат құралдарында, ал соңғы екеуі интернет-ресурстарда қолданылды.

## **Материалдар мен әдістер**

10 **Khokhlov, P. E., Sinitsky, A. S., Tretyakov, Yu. D.** Kinetics of dehydration of titanium oxide synthesized by sol-gel method // *Alternative energy and ecology*. – 2007. – No. 1. – P. 48–50. [in rus]

11 **Bessergenev, V. G., Khmelinskii, I. V., Pereira, R. J. F. et al.** Preparation of TiO<sub>2</sub> films by CVD method and its electrical, structural and optical properties // *Vacuum*. – 2002. – Vol. 64. – P. 275–279.

12 **Zhu, Y., Li, H., Kolytyn, Y., Hacoheh, Y. R., Gedanken, A.** Sonochemical synthesis of titania whiskers and nanotubes // *Chemical Communications*. – 2001. – № 24. – P. 2616–2617.

13 **Corradi, A.B., Bondioli, F., Focher, B.** Conventional and microwave-hydrothermal synthesis of TiO<sub>2</sub> nanopowders // *Journal of the American Ceramic Society*. – 2005. – Vol. 88. – № 9. – P. 2639–2641.

14 **Gong, D., Grimes, C. A., Varghese, O. K.** Titanium oxide nanotube arrays prepared by anodic oxidation // *Materials Research Society*. – 2001. – Vol. 16. – № 12. – P. 3331–3334.

15 **Hald, P., Becker, J., Bremholm, M. et al.** Supercritical Propanol-Water Synthesis and Comprehensive Size Characterisation of Highly Crystalline anatase TiO<sub>2</sub> Nanoparticles // *Journal of Solid State Chemistry*, – 2006. – Vol. 179. – P. 2674–2680.

16 **Fialkov, A. S.** Carbon, interlayer compounds and composites based on it. – Moscow : Aspect Press, 1997. – 718 p. [in rus]

17 **Gubin, S. P., Tkachev, S. V.** Graphene and related carbon nanoforms. – Moscow : Book House «LIBROCOM», 2012. – 104 p. [in rus]

18 **Aleksenko, A. G.** Graphene. – Moscow : BINOM. 2014. – 168 p. [in rus]

19 **Bolotin, K. I., Sikes, K. J., Jiang, Z., Klima, M., Fudenberg, G., et al.** Ultrahigh electron mobility in suspended graphene

20 **Balandin, A. A., Ghosh, S., Bao, W., Calizo, I., et al.** Superior thermal conductivity of single-layer graphene // *Nanj Lett*. – 2008. – V. 8. – № 3. – P. 902–907.

21 **Lee, Ch., Wei, X., Kysar, J., Hone, J.** Measurement of elastic properties and intrinsic strength of monolayer graphene // *Science*. – 2008. – V. 321. – № 5887. – P. 385–388.

22 **Suk, J. W., Piner, R. D., Ruoff, R. S.** Mechanical properties of monolayer graphene // *ASC Nano*. – 2010. – V. 4. – № 11. – P. 6557–6564.

23 **Novoselov, K. S., Geim, A. K., Morozov, S. V., Jiang, D., Zhang, Y. et al.** Electric Field Effect in Atomically Thin Carbon Films // *Science*. – 2004. – V. 306. – № 5696. – P. 666–669.

24 **Moazami, A., Montazer, M., Dolatabadi, M. K.** Tunable Functional Properties on Polyester Fabric Using Simultaneous green reduction of graphene oxide and silver nitrate // *Fibers and Polymers*. – 2016. – Vol. 17. – № 19. – P. 1359–1370.

25 **Bahadur, J., Pal, K.** Structural and magnetic properties of reduced graphene oxide-TiO<sub>2</sub> nanoflower composite // *Physica E : Low-dimensional Systems and Nanostructures* – 2017. – Vol. 90. – P. 98–103.

26 **Manzoor, M., Rafiq, A., Ikram, M., Nafees, M., Ali, S.** Structural, optical, and magnetic study of N-doped TiO<sub>2</sub> nanoparticles synthesized by sol-gel method // *Inter. Nano Lett*. – 2018. – Vol. 8. – № 1. – P. 1–8.

27 **Aqeel, M., Anjum, S., Imran, M.** TiO<sub>2</sub>@RGO (reduced graphene oxide) doped nanoparticles demonstrated improved photocatalytic activity // J. Mater. Res. Express. – 2019. – Vol. 6. – P. 086215.

28 **Fan, W., Lai, Q., Zhang, Q., Wang, Ye.** Nanocomposites of TiO<sub>2</sub> and Reduced Graphene Oxide as Efficient Photocatalysts for Hydrogen Evolution // J. Phys. Chem.: C. – 2011. – Vol. 115. – P. 10694–10701.

29 **Swamy, V., Kuznetsov, A., Dubrovinsky, L. S., Caruso, R. A., Shchukin, D. G., Muddle, B. C.** Finite-size and pressure effects on the Raman spectrum of nanocrystalline anatase TiO<sub>2</sub> // Phys. Rev. B. – 71. – 2005. – 184302-12.

30 **Wang, S. J., Geng, Y., Zheng, Q., Kim, J.-K.** Fabrication of highly conducting and transparent graphene films // Carbon. – 48. – 2010. – P. 1815–1823.

31 **Stankovich, S., Dikin, D. A., Piner, R. D., Kohlaas, K. A., Kleinhammes, A., Jia, Y., Wu, Y., Nguyen, S. T., Ruoff, R. S.** Synthesis of graphene-based nanosheets via chemical reduction of exfoliated graphite oxide // Carbon. – 45. – 2007. – P. 1558–1565.

32 **Xu, Y., Bai, H., Lu, G., Li, C., Shi, G.** Flexible graphene films via the filtration of water-soluble noncovalent functionalized graphene sheets // J. Am. Chem. Soc. 130. – 2008. – P. 5856–5857.

33 **Kamat, P. V.** Graphene-based nanoassemblies for energy conversion // J. Phys. Chem. Lett. – 2. – 2011. – P. 242–251.

34 **Zhang, W., Cui, J., Tao, C-an., Wu, Y., Li, Z., Ma, L.** A strategy for producing pure single-layer graphene sheets based on a confined self-assembly approach // Angew. Intern. Edit. Chem. – 48. – 2009. – P. 5864–5868.

35 **Zheng, Q. B., Gudarzi, M. M., Wang, Sh. J., Geng, Y., Li, Z., Kim, J.-K.** Improved electrical and optical characteristics of transparent graphene thin films produced by acid and doping treatments // Carbon. – 49. – 2011. – P. 2905–2916.

36 **Fan, Z.-J., Kai, W., Yan, J., Wei, T., Zhi, L.-J., Feng, J., Ren, Y.-M., Song, L.-P., Wei, F.** Facile Synthesis of graphene Nanosheets via Fe reduction of exfoliated graphite oxide // ACS Nano. – 5. – 2010. – P. 191–198.

37 **Adachi, M., Murata, Y., Takao, J., Jinting, J.** Highly efficient dye-sensitized solar cells with a titania thin-film electrode composed of a network structure of single-crystal-like TiO<sub>2</sub> nanowires made by the «oriented attachment» mechanism // J. Am. Chem. Soc. – 126. – 2004. – P. 14943–14949.

Material received on 07.09.22.

\*А. Ж. Жумабеков

Торайғыров университеті,  
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.  
Материал 07.09.22 баспаға түсті.

## ГРАФЕН ОКСИДІ МЕН TiO<sub>2</sub> НЕГІЗІНДЕГІ НАНОКОМПОЗИТТІК МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЭЛЕКТРОФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЖАҚСARTU

Бұл мақалада графен оксидінің наноқұрылымды титан диоксиді пленкаларының фотоэлектрлік қасиеттеріне әсерін зерттеуге байланысты нәтижелер келтірілген. Гидротермиялық әдіспен графен оксиді 3 мас% концентрациясы бар TiO<sub>2</sub>-GO нанокомпозиттік материалы синтезделді. Графен оксиді мен титан диоксидіне тән шыңдардың болуын көрсететін нанокомпозиттік материалдардың Комбинациялық шашырау мен ИҚ-ның спектрлері зерттелінді. ИҚ спектрлерінде TiO<sub>2</sub> мен графен оксиді арасындағы тербелістерге жауап беретін Ti-O-C байланысы бар. Жұту спектрлерін зерттеу барысында нанокомпозиттік материалда жұту спектрі жарықтың ұзын толқын ұзындығына ауысқанын көрсетеді. Электрофизикалық қасиеттерді зерттеу электрохимиялық импеданс спектроскопиясы арқылы жүргізілді. Бұл материалдың импеданс спектрі TiO<sub>2</sub> қабыршақтарына графен оксидін қосқанда жақсару байқалатынын көрсетеді. Сонымен қатар, фотоэлектрлік параметрлер 3 мас% графен оксиді қосылған нанокомпозиттік материалында фотоиндукцияланған токтың жоғарылауын көрсетеді. Графен оксиді 3 мас% TiO<sub>2</sub>-ге қосқанда нанокомпозиттік материалдың фотоиндукцияланған тогын ұлғайту арқылы фотокаталитикалық қасиеттердің жоғарылауы байқалады.

Кілтті сөздер: графен оксиді, титан диоксиді, TiO<sub>2</sub>-GO, нанокомпозит, фотокатализ, кедергі спектрі, сіңіру спектрі.

\*А. Ж. Жумабеков

Торайғыров университет,  
Республика Казахстан, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 07.09.22.

## УЛУЧШЕНИЕ ЭЛЕКТРОФИЗИЧЕСКИХ СВОЙСТВ НАНОКОМПОЗИТНЫХ МАТЕРИАЛОВ НА ОСНОВЕ ОКСИДА ГРАФЕНА И TiO<sub>2</sub>

В данной статье представлены результаты, связанные с изучением влияния оксида графена на фотоэлектрические свойства наноструктурированных пленок диоксида титана. Гидротермальным методом был синтезирован нанокомпозитный

материал  $TiO_2-GO$  с концентрацией оксида графена 3 мас.%. Были изучены спектры комбинационного рассеяния света и ИК-излучения нанокomпозитных материалов, которые показывают наличие пиков, характерных для оксида графена и диоксида титана. В ИК-спектрах наблюдается так называемая связь Ti-O-C, которая отвечает за колебания между  $TiO_2$  и оксидом графена. Исследования спектров поглощения показывают, что в нанокomпозитном материале спектр поглощения смещен в длинноволновую область света. Исследования электрофизических свойств проводились с помощью электрохимической импедансной спектроскопии. Спектр импеданса этого материала показывает, что при добавлении оксида графена к пленкам  $TiO_2$  наблюдается улучшение. Фотоэлектрические параметры также показывают увеличение фотоиндуцированного тока в нанокomпозитном материале с добавлением оксида графена на 3 мас.%. Показано, что при добавлении оксида графена 3 мас.% к  $TiO_2$  наблюдается увеличение фотокаталитических свойств за счет увеличения фотоиндуцированного тока нанокomпозитного материала.

Ключевые слова: оксид графена, диоксид титана,  $TiO_2-GO$ , нанокomпозит, фотокатализ, импеданс спектр, спектр поглощения.

## СЕКЦИЯ «МАТЕМАТИКА И СТАТИСТИКА»

FTAMP 27.29.15

<https://doi.org/10.48081/JOTI3531>

**\*Ф. Х. Вильданова<sup>1</sup>, Л. М. Кыдырлина<sup>2</sup>, А. О. Умбетова<sup>3</sup>,  
Т. Е. Әсержанова<sup>4</sup>, Р. Х. Курмангалеев<sup>5</sup>**

<sup>1,2,3,4,5</sup> Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,  
Қазақстан Республикасы, Семей қ.

### **ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІ ҚҰРУ ЖӘНЕ ШЕШУ БАРЫСЫНДАҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТЫҢ ПАЙДАСЫ**

Дифференциалдық теңдеулерді шешу әртүрлі есептерді математикалық модельдеу кезінде туындайтын маңызды және күрделі мәселе болып табылады. Сондай-ақ білім алушыға пәнді толықтай тек дәстүрлі кітап арқылы түсіну қиындық тудыру мүмкін. Білім берудің қазіргі даму кезеңінде оқушылардың белсенділігін арттырудың бір жолы – оқу үдерісіне электронды білім беру ресурстарын, мысалы, электронды оқу құралдарын енгізу болып табылады. Дифференциалдық теңдеулер курсына практикалық есептер үшін құру мәселесіне жеткілікті көңіл бөлінбегендіктен, сабақ барысында электронды оқулықты ақпараттық мәтін, суреттер, бейне, аудио, анимация және басқа графикалық құралдар түрінде ұсынылатын электронды оқу курсы ретінде қарастырамыз. Алгебралық теңдеулерді құрудағы сияқты қолданбалы есептерді дифференциалдық теңдеулердің көмегімен шешуде жаттығулар арқылы қалыптасатын дағдылардың маңызы зор. Дегенмен мұнда қарастырылып отырған процесті негүрлым тереңірек түсіну, яғни сол ғылым саласынан хабардар болуы да дифференциалдық теңдеуді құруға үлкен септігін тигізеді. Оқу үрдісінде электронды оқулықты қолданудың пайдасы туралы шексіз айтуға болады. Бұл оқушылардың өзіндік, ізденімпаздық әрекетін дамытуға, танымдық қабілетін арттыруға ықпал етеді. Электронды оқулықтың пайда болуы – ғалымдардың үлкен жетістіктерінің бірі және бұл оқу-тәрбие жұмыстарының жаңа жанры, яғни дәстүрлі оқулықтың орнын толықтай алмастырмайтынын дәлелдеуге тырысамыз.



*Кілтті сөздер: электронды оқу құралдары, теңдеулер, дифференциалдық теңдеулер, дәстүрлі кітап, ақырсыз аздар, қозғалыс заңы*

### **Кіріспе**

Табиғат құбылыстарын зерттеуде, физика мен техника, химия мен биология және тағы басқа ғылым салаларының көптеген есептерін шешуде қандай да бір эволюциялық процесті сипаттайтын шамалардың арасындағы тікелей тәуелділікті тағайындау үнемі мүмкін бола бермейді. Бірақ көптеген жағдайларда шамалармен (функциялармен) олардың басқа (тәуелсіз) айнымалы шамаларға қатысты өзгеру жылдамдықтары арасындағы тәуелділікті тағайындау мүмкін болады. Яғни белгісіз функциялар туынды таңбасы астында болатын теңдеулерді табуға болады. Бұл теңдеулерді дифференциалдық деп атайды.

### **Материалдар мен әдістер**

Дифференциалдық теңдеулер бойынша әдебиеттерді теориялық талдау; электронды оқулықтың оқу процесіндегі пайдасын анықтау; дифференциалдық теңдеу құру және шешу барысында электронды оқулықты пайдалану.

### **Нәтижелер және талқылау**

Дифференциалдық теңдеулерге келтіретін есептердің сипаты мен оларды шешудің әдістемесін схемалы түрде айтып кетелік. Мысалы, қандай да бір физикалық, не химиялық, не биологиялық процесс жүріп жатыр делік. Бізге бұл процестің белгілі бір функционалды сипаттамасы қажет. Мысалы уақытқа тәуелді температураның не қысымның, массаның, кеңістіктегі орынның өзгеру заңы. Егер процестің барысы туралы жеткілікті толық ақпарат болса, онда оның математикалық моделін құруға болады. Көп жағдайда мұндай модель дифференциалдық теңдеу болып табылады. Оның шешімдерінің бірі – процестің ізделінді функционалды сипаттамасы.

Дифференциалдық теңдеулер курсына практикалық есептер үшін құру мәселесіне жеткілікті көңіл бөлінбейді. Сондықтан дифференциалдық теңдеулерді құруға практикалық немесе ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізгенде оралған дұрыс болар еді.

Жаратылыстану мен техниканың әр алуан есептерін кеңінен қамтып, өндірісте, не ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында туындайтын қолданбалы есептер үшін дифференциалдық теңдеулерді құрудың заманауи әдістемесін меңгеру маңызды.

Қазіргі таңда дәстүрлі оқыту әдістерін жаңа инновациялық, интерактивті әдістерге алмастыру білім алушыларға материалды қабылдауды жеңілдетіп, білім беруді тездетуге мүмкіндік береді. Заманауи оқу құралдары біздің

бүгінгі өмірімізге мықтап енді және оларсыз заманауи білім беруді елестету мүмкін емес. Олардың ішінде электронды білім беру ресурстары ерекше орын алады. Электронды оқулық арқылы оқыту білім алушыларды жеке білім беру траекторияларын жүзеге асыруға ықпал етіп, пайдаланушыларды қажетті визуализация құралдарымен қамтамасыз етеді. Көптеген оқытушылар электронды оқулықты қолданудың қарапайымдылығын, техникалық құрылғы көмегімен оқушылар мен студенттердің оқу пәнімен жұмыс істеуге деген ынтасы мен қызығушылығын, сабақта және үйде электронды оқулықты қолдану ыңғайлылығын атап өтеді. Электронды оқулықтарды білім беру саласына енгізу үдерісі білім алушыларға да, оқытушыларға да барынша ыңғайлы болуы керектігін ұмытпағанымыз жөн.

Электронды оқулық оқу үрдісіне әдеттегіден басқа маңызды ұғымдарды, мысалдар мен мәлімдемелерді есте сақтауды және түсінуді (белсенді емес, белсенді түрде) мүмкіндігінше жеңілдете алуымен ерекшеленеді [1]. Оқу үрдісінде электронды оқулықты қолданудың пайдасы туралы шексіз айтуға болады. Мысалы:

- теориялық материалды ұсыну кезінде (мысалы, тақырып түсіндіру кезінде). Электронды оқулық материалды бағдарламаға сәйкес дәл және анық көрсетеді. Оқу құралы мұғалімге тақырыпты өткізуге және оны дайындауға қолдау көрсетуі керек. Электронды оқулық кез-келген фрагментке ауысу және бастапқы кадрға оралу мүмкіндігі бар интерактивті презентация; анимациялық және бейнефрагменттерді қарау; құралдың кез-келген фрагментін оңай табу және іске қосу мүмкіндігі; графикалық кескіндерді толық экранға/smart-тақтаға көрсету мүмкіндігі; тақырып бағдарламасына сәйкес материалды алдын-ала таңдау мүмкіндігі және тағы да басқа көптеген мүмкіндіктерге ие. Сонымен қатар, материалды автоматты түрде ұсыну режимі, яғни бағдарлама белгілі бір уақытта оқытушыны алмастырады, ал білім алушы электронды оқулықтың қажетті бетін немесе қажетті фрагментті қайталап көре алады (материалды өздігінен зерттеу режимі);

- практикалық тапсырмаларды өткізу кезінде. Практикалық тапсырмаларды орындау кезінде электронды оқулықтарды қолданудың сөзсіз артықшылықтары бар. Атап айтқанда тапсырманы орындау кезінде білім алушы көбінесе өткен тақырып материалына жүгінуі керек болып, өзіне қажет тақырыпты оңай таба алуы үшін барлық ауысулар нақты қамтамасыз етілуі керек. Егер тек өз бетінше жұмыс істеу көзделсе (теориялық материалсыз), онда оқытушы білім алушылардың тақырып материалдарына қолжетімділігіне шектеу қою мүмкіндігі бар;

- өздік жұмыстарды жүргізу кезінде. Электронды оқулықтың мүмкіндіктері, шын мәнінде, оларды білім алушылардың өздік жұмыс уақытында қолданған кезде пайдалы болуы мүмкін. Әр білім алушының

жеке жұмысын бағдарламамен бақылауға болады, ал оқытушыдан статистикалық ақпарат жиналады, яғни ол нақты уақыт режимінде білім алушының үлгерімін бақылай алады. Электронды оқу құралдарын өз бетінше жұмыс жасау кезінде пайдалану тестілеу, ақпаратты жинау және талдауды айтарлықтай жеңілдетеді. Нұсқалары қайталанбайтын және бағалану қателігі минималды болатын жедел сынақтарды өткізуге болады. Бағалаудың кең тармақты жүйесін қолдану өте маңызды кезең, онда бірнеше тақырыптарға қатысты тапсырмаларға әртүрлі бөлімдерге қойылған бағаларға сәйкес қорытынды баға қойылады. Осылайша, оқытушы білім алушылардың үлгерімі мен материалды игеруі туралы тұтас көріністі көреді;

- электрондық оқулықты білім алушы өз бетімен қолдану кезінде. Мұнда барлық мультимедиялық функцияларды қолдануға болады: анимация мен бейнелер, білім алушыларды оқу процесіне қатыстыратын және оны алаңдатуға мүмкіндік бермейтін интерактивті компоненттер, дикторлық дауыс және таңдалған музыкалық сүйемелдеу, компьютерлік іздеу жүйесінің барлық мүмкіндіктері. Мысалы, интернеттің пайда болуымен және әртүрлі мақсаттағы тақырыптық сайттар мен порталдардың қарқынды дамуының арқасында, кез-келген ақпаратты табуға мүмкіндік пайда болды. Бірақ ақпаратты іздеу кезінде белгілі бір қиындықтар туындауы мүмкін, сол себепті бұл жағдайда электронды оқулықтың артықшылығы басым. Пәнді игеру үшін қажетті материалдардың барлығы бір жерде жинақталып, білім алушылар бұл материалды әртүрлі интернет көздерден іздеуге уақыт жұмсамайды. Сонымен қатар, егер оқу құралында білімін тексеруге арналған тест тапсырмалары болса, білім алушы алынған материал бойынша өзін-өзі тексере алады. Электрондық оқулықтың ерекшелігі – жоғары ұтқырлығы пен икемділігі, себебі, онда көптеген иллюстрациялар мен мультимедиялық бейнелер салынады [2].

Дифференциалдық теңдеулерді құруды толық қамтыған ережелер жоқ. Алайда көп жағдайда дифференциалдық теңдеулер көмегімен қолданбалы есептерді шешу үшін төмендегідей жағдайларды қарастыру керек:

- 1 Есеп шартын мұқият талдау, оның мағынасын ашатын сызба жасау;
- 2 Қарастырылып отырған процестің дифференциалдық теңдеуін құру;
- 3 Бұл теңдеуді интегралдау және оның жалпы шешімін анықтау;
- 4 Берілген бастапқы шарттар негізінде есептің дербес шешімін табу;
- 5 Қажеттілігіне қарай көмекші параметрлерді (мысалы, пропорционалдық коэффициенті т.б.) есептің қосымша шарттарын пайдалана отырып анықтау;
- 6 Қарастырып отырған процестің жалпы заңдылығын қорыту, ізделінді шамалардың сандық мәндерін анықтау;
- 7 Жауапты талдау және есептің берілу жағдайында тексеру [3].

Әрине есептің сипатына байланысты бұл ұсынымдардың кейбіреулері қолданылмауы да мүмкін.

Алгебралық теңдеулерді құрудағы сияқты қолданбалы есептерді дифференциалдық теңдеулердің көмегімен шешуде жаттығулар арқылы қалыптасатын дағдылардың маңызы зор. Дегенмен мұнда қарастырылып отырған процесті неғұрлым тереңірек түсіну, яғни сол ғылым саласынан хабардар болу керек болады.

Теңдеуді құру барысында ықшамдаушы болжамдар жасауға болады. Мысалы қолданбалы есептің күрделі (қисық сызықты) элементін неғұрлым қарапайым (түзу сызықты) элементпен ауыстыруға, материалдық нүктенің аз уақыт ішіндегі бірқалыпты емес қозғалысын бірқалыпты қозғалыспен ауыстыруға, кез келген процестің аз уақыт ішінде өзгеру жылдамдығын тұрақты деп есептеуге болады. Ақырсыз аздардың біреуін екіншісімен ауыстыру идеясы олардың эквиваленттілігін міндетті түрде сақтап отыруды қажет етеді, есептің математикалық моделінде тек негізгі параметрлерді ескеру керек.

Тұрақты үдеумен түзу сызықты қозғалыс тақырыбына мысал келтірейік: материалдық нүкте  $a$  тұрақты үдеумен түзу сызық бойымен қозғалады. Нүктенің қозғалыс заңын табыңыз [4].

Шешуі.  $a$  үдеу  $v$  жылдамдықтың  $t$  уақыт бойынша туындысын білдіреді, яғни  $\frac{dv}{dt} = a$ . Сондықтан

$$dv = a dt. \quad (1)$$

(1) теңдеуді интегралдап табатынымыз:

$$v = at + C_1. \quad (2)$$

$C_1$  анықтау үшін бастапқы жылдамдық  $v_0$ -ге тең болады, яғни  $t = 0$  үшін  $v = v_0$ . Бастапқы шарттарды (2) теңдеуге қоямыз  $v_0 = 0 + C_1$  немесе  $C_1 = v_0$ .

Осылайша (3) теңдеу келесідей болады

$$v = at + v_0. \quad (3)$$

Жылдамдық  $t$  уақыт бойынша  $S$  жолдың туындысын білдіреді, яғни  $v = \frac{ds}{dt}$ , онда (3) теңдік

$$\frac{ds}{dt} = at + v_0$$

немесе

$$ds = at dt + v_0 dt.$$

Соңғы тендікті біріктіре отырып, есептің жалпы шешімін аламыз

$$s = \frac{1}{2}at^2 + v_0t + C_2 \quad (4)$$

$C_2$  анықтау үшін  $t = 0$  болғанда бастапқы қашықтық  $S_0$  деп есептейміз, сонда  $s = S_0$  үшін  $t = 0$  болады. Осы мәндерді (4) теңдеуге қоямыз:

$$s_0 = 0 + 0 + C_2 \text{ немесе } C_2 = s_0. \text{ Демек,}$$

$$s(t) = \frac{1}{2}at^2 + v_0t + s_0$$

Теңдеулерге  $a = g, v_0 = 0, s_0 = 0, s = h$  қою арқылы, дененің вакуумдегі еркін түсу заңын аламыз:

$$v = gt \text{ және } h = \frac{1}{2}gt^2.$$

Жауабы: Нүктенің қозғалыс заңы:  $s(t) = \frac{1}{2}at^2 + v_0t + s_0$

Электрондық оқулықты ақпараттық мәтін, суреттер, бейне, аудио, анимация және басқа графикалық құралдар түрінде ұсынылатын электронды оқу курсы ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар, электронды оқулық білім алушыға тест сұрақтарын қоюға және жауаптың нақты бағасын алуға мүмкіндік береді. Қажет болған жағдайда білім алушы мәтінге оралады, түсінбеген материалды қайта қарайды және тақырыптың соңында бақылау тестін немесе кестені толтыру арқылы берілген материалдарды меңгеру деңгейін бағалай алады [5].

#### Қорытынды

Электрондық оқулық білім алушының зияткерлік ойлауын дамытуға және келесі қасиеттерді қанағаттандыруға бағытталады, атап айтқанда, толықтығы, жүйелілігі, шеберлігі, жылдамдығы. Электронды оқулықтың тиімді жақтары қашықтықтан оқыту және студенттерді өз бетінше оқыту қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беруі. Білім беру саласында әлі күнге дейін мұғалімнің немесе оқулықтың айтқанын ғана қолдану қазіргі талаптарға сәйкес келмейді. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында электронды оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес [3].

Дифференциалдық теңдеулерді құру және шешу барысында электронды оқулықтың келесідей пайдасы анықталды .

1 Білім алушылар дифференциалдық теңдеулерді өз бетімен құруға және шешуге дағдыланады.

2 Мәтіндік есептерге көмекші сілтемелердің болуы теңдеуді дұрыс құруға көмектеседі.

3 Білім алушыға қарастырып отырған процесті толықтай түсінуге мүмкіндік береді.

4 Білім алушының пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады.

5 Шығармашылық қабілеті артады.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Аяпберген, Ы. И.** Математика сабағында электрондық оқыту құралдарын қолдану [Текст] // Молодой ученый. – 2019. – № 47 (285). – С. 472–474.

2 **Кыдыралина, Л. М.** Электронды оқулықтың білім берудегі маңызы туралы шолу / А. О. Умбетова, Д. К. Закиева, К. С. Мұсабаева // Қарағанды : Bilim Innovations Group, 2022. – С. 329–332.

3 **Әсержанова, Т. Е.** Дифференциалдық теңдеулерді құру: оқу құралы-практикум / А. Бауыржанқызы, М. А. Болат, Б. Ж. Сайлаубекова // «Zhardem» республикалық баспа компаниясы. – 2022. – С. 100.

4 **Пономарев, К. К.** Составление и решение дифференциальных уравнений инженерно-технических задач [Текст]. – М. : Наука, 2013. – С. 180–184.

5 **Коблова, Д. В.** Электронный учебник как инновационное средство в образовательном процессе / С. А. Косарева // Актуальные задачи педагогики : сб. науч. конф. – Чита : Издательство Молодой ученый, 2012. – С. 69–71.

6 **Матвеев, Н. М.** Методы интегрирования обыкновенных дифференциальных уравнений. – Минск : «Высшая школа», 1974.

7 **Филиппов, А. Ф.** Сборник задач по дифференциальным уравнениям [Текст]. – М. : Наука, 1979. – № 45. – С. 165–172.

8 **Федорюк, М. В.** Обыкновенные дифференциальные уравнения [Текст]. – М. : Наука, 1980. – 352 с.

9 **Сүлейменов, Ж. С.** Бірінші ретті жай дифференциалдық теңдеулерді интегралдау әдістері. [Текст]. – Алматы : Кітап, 1982. – 112 б.

10 **Сүлейменов, Ж. С.** Дифференциалдық теңдеулер [Текст]. – Алматы : Білім, 1996. – 253 б.

## REFERENCES

1 **Ayapbergen, Y. I.** Matematika sabagynda elektronдық okytu kuralдарын koldanu [Using e-learning tools in mathematics lessons] [Text] : direct // Young scientist. – 2019. – № 47 (285). – P. 472–474.

2 **Kydyralina, L. M.** Elektronдық oqylyqtyn bilim berýdegi mańyzy týraly sholý [Review of the importance of the Electronic textbook in education] / A. O. Umbetova, D. K. Zakieva, K. S. Musabaeva [Text] // Priority areas of scientific research: analysis and management international scientific conf. – Karaganda : «Bilim Innovations Group». – 2022. – P. 329–332.

3 **Aserzhanova, T. E.** Differentsialdyq teńdeýlerdi qurý: oqý quraly-praktikým [construction of differential equations: manual-workshop] / A. Bauyrzhanovna, M. A. Bolat, B. Zh. Sailaubekova // NAO «Shakarim University of Semey». – Semey : Republican publishing company «Zhardem», 2022. – P. 100.

4 **Ponomarev, K. K.** Injenerlik-tehnikalyq esepтердің differentsialdyq teńdeýlerin qurastyry jáne sheshý [Compilation and solution of differential equations of engineering and technical problems] [Text]. – Moscow : Nauka, 2013. – P. 180–184.

5 **Koblova, D. V.** Elektronдық oqylyq bilim berý úderisindegi inovatsialyq qural retinde [Electronic textbook as an innovative tool in the educational process] // Actual tasks of pedagogy : collection of scientific conf. – Chita : Young Scientist Publishing House, 2012. – P. 69–71.

6 **Matveev, N. M.** Metody` integrirvaniya oby`knovenny`x differentsial`ny`x uravnenij [Methods of integration of ordinary differential equations]. – Minsk : Higher School, 1974.

7 **Filippov, A. F.** Sbornik zadach po differentsial`ny`m uravneniyam [Collection of problems on differential equations] [Text]. – Moscow : Science, 1979. – № 45. – P. 165–172.

8 **Fedoryuk, M. V.** Oby`knovenny`e differentsial`ny`e uravneniya [Ordinary differential equations] [Text]. – Moscow : Science, 1980. – 352 p.

9 **Sylejmenov, Zh. S.** Birinshi retti zhaj differentsialdy`q tendelerdi integraldau әdisteri [Methods for integrating simple differential equations of the first order] [Text]. – Almaty : Kitap, 1982. – 112 p.

10 **Sylejmenov, Zh. S.** Differentsialdy`q tendeler [Differential Equations] [Text]. – Almaty : Bilim, 1996. – 253 p.

Материал 07.09.22 баспаға түсті.

\***Ф. Х. Вильданова<sup>1</sup>, Л. М. Кыдыралина<sup>2</sup>, А. О. Умбетова<sup>3</sup>,**

**Т. Е. Асержанова<sup>4</sup>, Р. Х. Курманғалиев<sup>5</sup>**

<sup>1,2,3,4,5</sup> Университет имени Шакарима города Семей,

Республика Казахстан, г. Семей.

Материал поступил в редакцию 07.09.22.

## ПРЕИМУЩЕСТВА ЭЛЕКТРОННОГО УЧЕБНИКА ПРИ ПОСТРОЕНИИ И РЕШЕНИИ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫХ УРАВНЕНИЙ

*Решение дифференциальных уравнений – важная и сложная задача, возникающая при математическом моделировании различных задач. Также обучающемуся может быть трудно полностью понять предмет только через традиционную книгу. Одним из способов повышения активности учащихся на современном этапе развития образования является внедрение в учебный процесс электронных образовательных ресурсов, например электронных учебных пособий. Поскольку в курсе дифференциальных уравнений недостаточно внимания уделено проблеме построения практических задач, в ходе урока мы рассматриваем электронный учебник как электронный учебный курс, который предлагается в виде информационного текста, изображений, видео, аудио, анимации и других графических средств. Навыки, формируемые упражнениями, имеют большое значение при решении прикладных задач с помощью дифференциальных уравнений, таких как построение алгебраических уравнений. Тем не менее, более глубокое понимание рассматриваемого здесь процесса, то есть осознание этой области науки, также имеет большое значение для построения дифференциального уравнения. О пользе использования электронного учебника в учебном процессе можно говорить бесконечно. Это способствует развитию самостоятельной, любознательной деятельности учащихся, повышению познавательных способностей. Появление электронного учебника – одно из величайших достижений ученых, и мы стараемся доказать, что это новый жанр учебно-воспитательной работы, то есть не полностью заменяющий традиционный учебник.*

*Ключевые слова: электронные книги, уравнения, дифференциальные уравнения, традиционная книга, бесконечно малые, закон движения.*

\*F. H. Vildanova<sup>1</sup>, L. M. Kydyralina<sup>2</sup>, A. O. Umbetova<sup>3</sup>,  
T. E. Aserzhanova<sup>4</sup>, R. H. Kurmangaliyev<sup>5</sup>  
<sup>1,2,3,4,5</sup>Shakarim University in Semey,  
Republic of Kazakhstan, Semey.  
Material received on 07.09.22.

### ADVANTAGES OF AN ELECTRONIC TEXTBOOK IN THE CONSTRUCTION AND SOLUTION OF DIFFERENTIAL EQUATIONS

*Solving differential equations is an important and complex task that arises in the mathematical modeling of various problems. Also, it may be difficult for a student to fully understand the subject only through a traditional book. One of the ways to increase the activity of students at the present stage of education development is the introduction of electronic educational resources into the educational process, for example, electronic textbooks. Since the course of differential equations does not pay enough attention to the problem of constructing practical problems, during the lesson we consider an electronic textbook as an electronic training course, which is offered in the form of informational text, images, video, audio, animation and other graphic means. The skills formed by exercises are of great importance when solving applied problems using differential equations, such as the construction of algebraic equations. Nevertheless, a deeper understanding of the process under consideration here, that is, an awareness of this area of science, is also of great importance for constructing a differential equation. One can talk endlessly about the benefits of using an electronic textbook in the educational process. This contributes to the development of independent, inquisitive activity of students, improving cognitive abilities. The appearance of an electronic textbook is one of the greatest achievements of scientists, and we will try to prove that this is a new genre of educational work, that is, it does not completely replace the traditional textbook.*

*Keywords: electronic books, equations, differential equations, traditional book, infinitesimal, law of motion*

### СЕКЦИЯ «ДИДАКТИКА ФИЗИКИ, МАТЕМАТИКИ И ИНФОРМАТИКИ»

FTAMP 20.53.21

<https://doi.org/10.48081/XHAG2019>

\*Е. С. Смагова<sup>1</sup>, Б. Б. Исабекова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

### АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН САЙТ ӘЗІРЛЕУ

*Ондаған тіл үйрену веб-сайттарын тегін пайдалана алатын болсаңыз, неге қымбат тілді бағдарламалық құралға төлеуге болады? Бұл веб-сайттар қымбат бағдарламалар сияқты жаңа тілді үйренуге немесе бар тілді жаңартуға көмектесу үшін сабақтарды, бейнелерді, кескіндерді, ойындарды және өзара әрекеттесуді пайдаланады. Тіл үйрену басқа пәндерді жақсы меңгеруге көмектесетін дағдыларды береді. Бұл ағылшын тілі қалай жұмыс істейтінін түсінуді жақсартады және оқып жатқан басқа пәндерге табиғи түрде қолданылатын мәселелерді шешу және талдау дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.*

*Веб-сайттардан басқа, компьютерден алыс болған кезде жаңа тілді үйренуге тамаша мобильді тіл үйренуге арналған тегін қолданбалар бар. Бұл жаңа тілді тегін үйренуге арналған ең жақсы орындардың бірі. Веб-сайтта түсінікті және түсінуге оңай, таңдауға болатын көптеген тілдер бар.*

*Бұл тегін тіл үйрену сайтында бірнеше функциялар бар. Мұнда негізгі мәліметтерден бастауға арналған бөлімдері, оқу және тыңдау дағдыларын сынауға арналған әңгімелер, пайдаланушы форумымен өзара әрекеттесу үшін талқылаңыз, маңайыңыздағы тіл үйренушілерді табуға арналған оқигалар, сұраныс бойынша аудармалар мен үлгі сөйлемдер үшін сөздік және заттарды сатып алу үшін дүкен бар.*

*Кілтті сөздер: бағдарламалау, веб-сайт, аударма, фильмдер, ағылшын тілі, білім.*

### Кіріспе

Бүгінгі таңда ағылшын тілін оқыту бойынша көптеген сабақтар, семинарлар мен тренингтер өтуде. Дегенмен, олардың көпшілігі қызықсыз, әрі зергерлік. Ал фильмдерді көргенде адам шығарманың сюжетін түсінуге

тырысады, бұл оның тіл үйренуге деген ынтасын арттырады. Фильмдерді көргенде шынайы ауызекі тілді естуге болады, бұл оқыту үшін өте маңызды. Ағылшын тілін түпнұсқада сөйлеушілердің аузынан үйрену өте пайдалы, өйткені оны әрбір мұғалім үйрете алмайды [1–3].

Қазіргі уақытта көптеген адамдар ағылшын тілін тез, жүйелі және тиімді түрде үйренгісі келеді. Тілді үйрену кезінде ағылшын тілінің тренажерін пайдалану барлығына ыңғайлы болады [4–6]. Субтитрлер түсініксіз нәрселердің аудармашысы ретінде қызмет етеді. Фильмдегі ағылшын тіліндегі жолдар тез айтылады, бұл жаңадан бастаушыларға сөздің мағынасын бірден түсінуді қиындатады. Субтитрлердің көмегімен әрқашан түсініксіз идеяны «қуып жетуге» болады. Ағылшын тіліндегі фильмдерді субтитрлерімен көру – тілді үйренудің тамаша және тиімді жолы. Бүгінгі таңда ағылшын тілі маман үшін кәсіби дағдылардан кейінгі екінші негізгі дағды болып табылады (кейде бірінші). Ағылшын тілін білу дағдыларды үйренуді және жетілдіруді жеңілдетеді, сонымен қатар материалдық тұрғыдан алғанда да пайдалы: шетелдік жобаларда жұмыс табу оңайырақ, онда үлес жоғары. Ал егер осы өз бетінше оқуға және тіл туралы бастапқы білімнің мүлде жоқтығын қоссақ, мұның бәрі адамды тығырыққа тіреп, ағылшын тілін үйренуге деген құштарлығын жоғалтады. Ал қалау – кез келген шет тілін табысты меңгерудің басты кілті [7].

Бір жағынан, британдықтар көп жылдар бұрын белгіленген айтылу ережелеріне сілтеме жасайды. Қазір оны ешкім дерлік сөйлемейді, бірақ ағылшын тілін үйренетін немесе айтылуын орнатқан әрбір адам соған ұмтылады, соның ішінде [8]. Американдық актерлер (мысалы, Уилл Смит). Сондай-ақ барлық оқулықтарда стандартты грамматика және сөздердің емлесі. Британдық ағылшын тілін барлығы дерлік үйренеді екен. Американдық тілінде грамматикасы мен емлесі британдық тілінен біршама ерекшеленеді, сондықтан американдық ағылшын тілі бойынша кез келген оқулықтарды іздеңіз. өте, өте ақымақ.

Екінші жағынан, британдық ағылшын тілінде ешкім дерлік үйретпейтін ерекше интонация бар және оған үйрену қиын. Бұл интонация сабақтары да оқытпайды. Қанша айтуға тырыссақ та, американдық ағылшын тілін британдықтардан да көбірек алатынымыз белгілі болды [9–10]. Интонацияны былай қойғанда, біздің вокалдық аппаратымыз американдық сияқты.

### **Материалдар мен тәсілдер**

Фильмдерді көру арқылы ағылшын тілін үйренуге арналған Fox Jump сайтының мақсатты аудиториясы, ағылшын тілін қарым-қатынас құралы ретінде қажет ететін, шетелге көшетін зерттеушілер, бағдарламашылар, тестерлер, телешоуларды, фильмдерді көргенді, ән тыңдағанды ұнататын, сүйікті кейіпкерлерінің не туралы сөйлесетінін және сүйікті әншілерін

түсінгісі келетін адамдар. Бұл әсіресе ағылшын тілінде сөйлейтін елде өмір сүргісі немесе жұмыс істегісі келетін немесе аудармашы, ағылшын тілі мұғалімі болғысы келетіндерге қатысты. Сондықтан оны тезірек үйренуге, сондай-ақ өз білімдерін басқа тілдермен әртараптандыруға ұмтылатындар көбейіп келеді. Бірнеше мотивация бар. Біреу мұны хобби ретінде қабылдайды, ал басқалары шетелдік компаниядағы орынға немесе түйіндемедегі артықшылықтарға сенеді. Басқалары шетелге кеткісі келеді. Ал біреу тіпті басқа тілде ән орындауға ұмтылады, сондықтан үйренеді. Кәсіпкерлер үшін бұл жаңа бизнес құрудың тамаша мүмкіндігі. Мұндай фильмдер әсіресе ағылшын және шет тілдерін үйренуді жаңадан бастағандар үшін пайдалы. Табыс пен отбасылық жағдай маңызды емес.

Мақсатты аудиторияның негізгі қиындықтары:

- Тілдік кедергі;
- Ағылшын тілін тыңдау мәселесі;
- Шағын сөздік;
- Дұрыс аудированияға сенімсіздік;
- Нәтижеге күмәндану;
- Мұғалімсіз білім беру;
- Сабақ кестесіне күмәндану.

Ұсынылған шешімдер: сайттағы материалдардың арқасында пайдаланушылар сөздерді және айтылу ережелерін есте сақтамай, ағылшын тілін меңгеру деңгейін, екпіндерді қалай дұрыс орналастыру керектігін және неге назар аудару керектігін жақсартады.

Ағылшын тілінде фильмдерді онлайн көруге болатын бәсекеге қабілетті сайттарды талдау үшін келесі сайттар берілген: Begin-English, Palebluedot, LeLang және Friends10. Бәсекелестердің және әлеуетті бәсекелестердің негізгі әрекеттері мен әдістері, көрермендер үлкен реакция берді. Талдау нәтижелерін жүйелеу үшін ақпаратты сұрыптаймыз. Ақпараттық таңдаулар қызықты болды. Олар жақсы үлесті қамтуға бейім болды. Сондай-ақ, көптеген қауымдастықтар студенттердің тартымды суретін жақсы сыйлықпен – тегін сынақ сабағымен пайдаланды.

Жақсы пікір алған бірнеше негізгі трендтер бар:

- Ағылшын тіліндегі жоғарғы фразалары бар пайдалы мазмұнды пайдалану;
- Тегін сынақ сабақтары;
- UGC мазмұнын кеңінен пайдалану.

### **Нәтижелер және талқылау**

Сайт қазіргі уақытта нарықтағы құрылғылардың максималды тізіміне бейімделуі керек, іздеу жүйелерінің талаптарына техникалық оңтайландырылған. Жүйе көрсетуге тиіс қасиеттерді немесе жүйенің

әрекетіне қатысы жоқ ол сәйкес келетін шектеулерді анықтайтын талаптар. Мысалы, өнімділік, техникалық қызмет көрсету, кеңейту, сенімділік, операциялық факторлар.

- Функционалдық блоктарды орнату;
- Сайт құрылымын мүмкіндігінше табиғи етіп жасау;
- Берілген материалдар негізінде контент құру;
- Сайтқа мазмұнды енгізу (оның ішінде көрсетілген тауарлар);
- Сайт үшін ыңғайлы және функционалды хостинг опциясын таңдау;
- Сайтты іске қосу.

Сайт үшін сайттың ағаш құрылымын қолданған дұрыс. Бұл сайт құрылымының ең кең тараған түрі және неге екені түсінікті – ол беттердің иерархиясын нақты анықтауға мүмкіндік береді.

- 1) Басты бет (сайт туралы жалпы ақпарат, жұмыс географиясы);
- 2) Жүйеге кіру парағы;
- 3) Тестілеу бар бет;
- 4) жаттықтырушы;
- 5) Материалдар каталогы;
- 6) Талқылау (пікірлер);
- 7) Жаңалықтар;
- 8) Пайдаланушы кеңестері мен анықтама терезесі.

Іздеу роботтарына арналған сайт құрылымы сайт ішіндегі сілтемелер болып табылады. Бетке сілтемелер неғұрлым көп болса, соғұрлым оның сайт ішінде басымдығы жоғары болады және іздеу жүйесі оны жиі тексереді. Беттерде шарлау тізбегі болуы керек. Барлық беттерде сайттың негізгі бетіне сілтеме болуы керек.

– Категориялар мен ішкі категориялардың санын көбейту немесе азайту кезінде сайт құрылымы өзгеріссіз қалуы керек;

– Еншілес санаттар мен егжей-тегжейлі тақырыптарды біріктіретін ортақ тақырыбы немесе категориясы бар маңызды шолу беттері;

– SILO мазмұн құрылымын құру, тақырып бойынша мазмұнды иерархиялық ұйымдастыру, хаб беті мазмұнды жалпы тармаққа біріктіреді, ал SILO құрылымы осы тармақтағы таратуға жауап береді;

– Мәзірдегі немесе сайттың төменгі колонтитулындағы маңызды бөлімдерге сілтемелер қосу.



Сурет 1 – Сайттың алдын ала құрылымы.

### Қорытынды

Соңғы онжылдықтарда біздің әлем өзара тәуелді болды және жаңа технологиялар бізге бүкіл әлемдегі адамдармен тығыз байланыста жұмыс істеуге мүмкіндік берді. Елдермен қарым-қатынас күшейген сайын шет тілінде сөйлеу қажеттілігі де арта түседі. Шетел тілін оқу оң көзқарасты қалыптастырады және басқа адамдарға деген көзқарасты азайтады. Шетел тілін оқу жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады. Жаңа мәдениетті үйрену жаңа және қызықты адамдармен танысуға көмектеседі. Басқа мәдениетпен жұмыс істеу адамдарға өз мәдениетін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Шет тілдерін үйрену сенімділікті арттырады. Түлектер шет тілі курстарын колледждегі ең құнды курстар ретінде жиі атайды, өйткені бұл процесте дамыған коммуникациялық дағдылар.

Қазіргі уақытта басылымдардың дәстүрлі түрі, яғни баспа нұсқасы электронды нұсқаларымен салыстырғанда көбейіп барады. Адамның ортасында неғұрлым көп технологиялар, демек, ыңғайлылықтар пайда болса, соғұрлым ол соншалықты қаларлық болады. Қазіргі мыңжылдыққа қажетті кітапты алып, сөреге қою енді жеткіліксіз, өйткені қалтаңызда әрқашан жаныңызда көптеген кітаптар, сөздіктер және тіпті энциклопедиялар болған кезде бұл әлдеқайда ыңғайлы. Бүгінгі күнде, кез келген жаңа нәрсені үйрену үшін ең ыңғайлы тәсілдердің көшбасшысы Интернет арқылы, веб-сайттардан үйрену. Веб-сайт жаңа тілді тегін үйренуге арналған ең жақсы орындардың бірі. Веб-сайттар әдетте жаңалықтар, білім беру, сауда, ойын-сауық немесе әлеуметтік желі сияқты белгілі бір тақырыпқа немесе мақсатқа арналған. Веб-беттер арасындағы гиперсілтеме сайттың шарлауын бағыттайды, ол

көбінесе басты беттен басталады. Құрылым беттердің үш деңгейінен тұрады: сайттың негізгі беті, содан кейін қызмет түрлерін сипаттайтын санаттар және үшінші деңгей – кіші түрлер. Әрбір бөлімде маңызды ақпарат бар. Сапалардың қайсысы негізгі, қайсысы екінші дәрежелі болатынын дереу анықтау керек. Негізгілері ішкі санаттарға айналады, екіншілері сүзгілерге өтеді. Әрбір веб-сайт басты беттен басталады.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Begin-English. [Электронды ресурсы]. – URL: <http://begin-english.ru/>.
- 2 Kaufman, V. Sh. Programming languages. Concepts and principles [Text] – Moscow : DMK PRESS, 2020. – 464 p.
- 3 Palebluedot. [Электронды ресурсы]. – URL: <https://multimedia-english.com/videos/esl/pale-blue-dot-carl-sagan-1834>.
- 4 Yatsyuk, O. G. Multimedia technologies in the design culture of design: humanitarian aspect. Dissertation abstract [Text]. – Moscow : VNIITE, 2009. – 210 p.
- 5 Лингуст. [Электронды ресурсы]. – URL: <https://lingust.ru/english>.
- 6 Information processes in various fields of activity // Website about communication processes Archival copy dated November 2, 2014 at the Wayback Machine. [Электронды ресурсы]. – URL: <https://www.sciencedirect.com/topics/computer-science/wayback-machine>.
- 7 Шапкина, Е. В. Лингвостилистические особенности и национальная специфика жанра технической инструкции [Текст] // Слово, высказывание, текст в когнитивном, прагматическом и культурологическом аспектах. Челябинск. – 2003. – С. 522–524.
- 8 Бехтерева, Н. П. Ответственность ученого [Текст] // Наука и жизнь. – 1972. – С. 88–89.
- 9 Борзова, Г. В. Тексты для чтения на втором этапе обучения [Текст] // Иностранный язык в школе. – 1990. – № 4. – С. 256–264.
- 10 Леонтьев, А. А. Психологические предпосылки овладения иностранным языком [Текст] // Иностранный язык в школе. – 1985. – № 5. – С. 25–27.

#### REFERENCES

- 1 Begin-English [Electronic resource]. – URL: <http://begin-english.ru/>.
- 2 Kaufman, V. Sh. Programming languages. Concepts and principles [Text] – Moscow : DMK PRESS, 2020. – 464 p.
- 3 Palebluedot. [Electronic resource]. – URL: <https://multimedia-english.com/videos/esl/pale-blue-dot-carl-sagan-1834>.

4 Yatsyuk, O. G. Multimedia technologies in the design culture of design: humanitarian aspect. Dissertation abstract [Text] – Moscow : VNIITE, 2009. – 210 p.

5 Lingust [Electronic resources] – URL: <https://lingust.ru/english>.

6 Information processes in various fields of activity // Website about communication processes Archival copy dated November 2, 2014 at the Wayback Machine. [Electronic resources] – URL: <https://www.sciencedirect.com/topics/computer-science/wayback-machine>.

7 Shapkina, E. V. Lingvostilicheskie osobennosti i natsionalnaia spetsifika zhanra tekhnicheskoi instruktсии [Linguistic and stylistic features and national specifics of the genre of technical instructions] // Word, statement, text in cognitive, pragmatic and cultural aspects, Chelyabinsk. – 2003. – P. 522–524.

8 Bekhtereva, N. P. Otvetstvennost uchenogo [Responsibility of a scientist] // Science and life. – 1972. – С. 88–89.

9 Borzova, G. V. Teksty dlia chteniia na vtorom etape obucheniia [Texts for reading at the second stage of training] // Foreign language at school. – 1990. – No 4. – С. 256–264.

10 Leontev, A. A. Psikhologicheskie predposylki ovladeniia inostrannym iazykom [Psychological prerequisites for mastering a foreign language] // Foreign language at school. – 1985. – No 5. – С. 25–27.

Материал 07.09.22 баспаға түсті.

\*Е. С. Смагова<sup>1</sup>, Б. Б. Исабекова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Торайғыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 07.09.22.

#### РАЗРАБОТКА САЙТА ДЛЯ ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

*Если вы можете бесплатно пользоваться десятками веб-сайтов для изучения языков, зачем платить за дорогое языковое программное обеспечение? Веб-сайты используют уроки, видео, изображения, игры и взаимодействия, чтобы помочь вам выучить новый язык или обновить существующий язык, например дорогие приложения. Изучение языка дает навыки, которые помогут вам освоить другие предметы. Это улучшит понимание того, как работает английский язык, и позволит вам улучшить навыки решения проблем и анализа, которые естественным образом применимы к другим предметам.*



Помимо веб-сайтов, существуют бесплатные мобильные приложения для изучения языков, которые отлично подходят для изучения нового языка вдали от компьютера. Это одно из лучших мест для бесплатного изучения нового языка.

Этот бесплатный сайт для изучения языков имеет несколько функций. Есть разделы, где можно начать с основной информации, историй для проверки навыков чтения и аудирования, обсуждения для взаимодействия с пользовательским форумом, мероприятий для поиска, изучающих язык вокруг вас, словаря для переводов по запросу и образцов предложений, а также магазина. покупать предметы.

Ключевые слова: программирование, веб-сайт, перевод, фильмы, английский язык, обучение.

\*E. S. Smagova<sup>1</sup>, B. B. Isabekova<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Toraighyrov University,  
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.  
Material received on 07.09.22.

## DEVELOPMENT OF A SITE FOR TEACHING ENGLISH

*If you can use dozens of language learning websites for free, why pay for expensive language software? Websites use lessons, videos, images, games, and interactions to help you learn a new language or upgrade an existing language, such as expensive apps. Learning a language gives you skills that will help you master other subjects. This will improve your understanding of how the English language works and allow you to improve problem solving and analysis skills that are naturally applicable to other subjects.*

*In addition to websites, there are free mobile language learning apps that are great for learning a new language away from your computer. This is one of the best places to learn a new language for free.*

*This free language learning site has several features. There are sections where you can start with basic information, stories to test your reading and listening skills, discussions to interact with the user forum, activities to search for language learners around you, a dictionary for on-demand translations and sample sentences, and a shop. buy items.*

*Keywords: programming, website, translation, films, English, education.*

FTAMP 14.07.07

<https://doi.org/10.48081/UAVO3039>

**Б. У. Куанбаева<sup>1</sup>, Г. Имашев<sup>2</sup>, \*Г. Қ. Шамбилова<sup>3</sup>,  
А. А. Тумышева<sup>4</sup>, В. Е. Махатова<sup>5</sup>**

<sup>1,2,3,4,5</sup>Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,  
Қазақстан Республикасы, Атырау қ.

## ФИЗИКАДАН ИНТЕРАКТИВТІ КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕР НЕГІЗІНДЕГІ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

